

АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
VI том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2016

ӨОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

А 13

*Баспаға өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология,  
өдебиеттану және өлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және  
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған  
(№1 хаттама 6 қараша 2015 жыл)  
Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы  
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

**ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС**

Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,  
А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ө. Тарақ,  
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының  
жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ө. Жапарова (хатшы)

**Пікір жазған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө. Тарақ**

**Жалпы редакциясын басқарған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

**Құрастырып, түсініктерін жазғандар:**

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүреділі

**Жауапты редактор**

филология ғылымдарының докторы, профессор **З. Бисенғали**

**А 13 Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. VI том. Ойлар мен толғаныстар /  
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүр-  
әділ; жауапты ред. З. Бисенғали; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев.  
– Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 299 б.

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)**

**ISBN 978-601-04-1680-2 (VI том)**

Абайтану ғылымы бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Респуб-  
ликасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай туралы сөз» топқауымен ашылған. Алтыншы  
томға абайтану саласында тәуелсіздік тұсында жарық көрген таңдамалы еңбектер арнайы топтастырылған.

Кітап орта мектептің жоғары сынып оқушылары мен жоғары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен  
білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

Том елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық әлеуетінің артуына, қоғамдық сананың  
дамуына қызмет етеді.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы  
аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӨОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Қаз)**

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)

ISBN 978-601-04-1680-2 (VI том)

© Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

## АҚЫЛДЫҢ ҚЫРЫ

*Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің  
ол көп қырыңа жүрмейді, – деді Ғылым.*

*17-ші сөз*

«Көңілді түгел айтып болмайды екен, менің кеудем сендерге сандықпен тең», деген сөзге илансақ, ақынның көкірек көзін ашатын аса тәтті, дәмді өлеңдерін талдап тереңдеген сайын арғы-бергі әлем әдебиетінен мол сусындаған сырына қаныға түсеміз. Орыстың сыршыл қаламгері Иван Сергеевич Тургенев пен ақын арасында қандай байланыс болған деп ойлайсыз. Байланыс бола қалған күнде нендей сәулелі көңіл күйіне жетеледі, қандай шығармашылық шабытына тізгін берді... деген заңды сауал тағы туындамақ. Әңгімені басынан бастайық. Ақынның 1977 жылы жарық көрген шығармаларының екі томдық толық жинағының түсінігінде «Масғұт» дастаны туралы былай деп жазылған: «Мүрсейіттің 1907 жылғы қолжазбасында Тургеневтен деп көрсетілген. И.С. Тургеневтің «Восточная легенда» атты қысқа әңгімесі мен «Масғұт» поэмасының бірінші бөлімінің сюжеті басынан аяғына дейін дәл түсіп отырады». Бұл «Восточная легенда» мен «Масғұт» поэмасының бірінші бөлімінің сюжеті басынан аяғына дейін дәл түсіп отырады деген тұжырым қате. Екі нұсқаны салыстырып шыққанда, орысша мәтінін Абай біршама бұрып, өзінше кеңейтіп өзгерткені белгілі болды. Бұл туралы алда кеңірек тоқталамыз. Екінші: Тургенев пен Абай шығармасы «шығыс елінің белгілі бір сюжеті негізінде құрылғандығын анықтайды» деген ой да – әншейін ауада ілініп тұрған дәйексіз сөз. Шығыс елі деген ұғымға тоқсан тоғыз түрлі ұлтпен ұлыс жатады, соның қайсысынан, қандай түпнұсқадан алынған?.. Бұл мәселеге арғы-бергі зерттеушілер ой жіберіп, кітап ашып салыстырмаған, соның нәтижесінде ақынның аса құнды, мағынасы терең айтар пәлсапасы жағынан нағыз шедевр деуге тұратын таңғажайып дүниесінің шығармашылық сыры ашылмаған, түсінік үстірт,

шала жазылғандықтан, шығарманың көркемдік кестесі түтілі шығу тегінің өзі күмәнді боп қалған. Мазмұны, мәні ашылмаған. Рас, уағында академик Зәки Ахметұлы «Тургеневтің «Шығыс аңызы» және Абай Құнанбаевтың «Масғұт» поэмасы» деген үш беттік мақала жазып, дастанның түп-төркінін анықтауға күш салды. Әйтсе де бұл «Масғұт» секілді шедеврге мүлде аз еді. Жазушы мен ақын арасындағы шығармашылық байланыстың себебі, салдары, нәтижесі, бүгінгі оқырманға берері – жабулы қазан жабулы күйінде қалды. Тургеневтің «Шығыс аңызы» не туралы еді?.. Екі ауыз сөзбен мазмұндап өтелік. Бағдат әміршісі Жиаффар қала маңында сейіл құрып жүреді. Бозбала айлалы, әрі ақылды еді, өзгеге ұқсамайтын мейірбан жүректі дейді автор. Кенет ащы айқай естіледі. Жетіп барса, екі ұры қаусаған шалды қабырғаға жаншып, жәукемдеп жатыр. Семсерін суырып алып тұра ұмтылады. Алыс-жұлыста бір ұры қаза табады, екіншісі қашып құтылады. Пәледен сытылған шал: «Ерлігіңе ризамын, балам, сыртым қайыршы болғанымен мен өзім тегін адам емеспін, – дейді аяғына бас ұрып, шапанынан тәу етіп, – ертең таң бозара орталық базарға кел, хауыздың жанынан табасың, саған деген алғысым бар». Осы сөзді айтып тайып жоғалады. «Несі бар, сырты момын болғанымен, іші монтаны шығар, көрейін» деп ойлаған Жиаффар таң сыз бере базарға келеді, мәрмәр хауызға сүйеніп тұрған шалды көреді. Қария бозбаланы үнсіз жетелеп биік дуалмен қоршалған баққа әкеледі. Бақ ортасында, шалшықта шынар секілді жапырағы сұлу нәзік ағаш өсіп тұрды. Өлгі ағаштың басында үш жемісі бірі сопақша аппақ, екіншісі домалақ үлкен қып-қызыл, үшіншісі кішкентай сола бастаған сары жеміс. Шал айтады: ағын үзсең, жұрттан асқан ақылды боласың, қызылын жесең, жөйіт Ротшильд секілді асқан бай боласың, сарыны жесең, егде әйелдерге ұнайсың, біреуін ғана таңдап жеуге тосады. Бозбала бірауыз үнсіз ойланып қалады. «Жұрттан асқан ақылды болсам, жер бетінде жалғызсырап жабығып бітермін, бәрінен асқан бай болсам, өзгелердің сұмдық қызғанышын туғызам, ең тиімдісі – сола бастаған сары жемісті жеген шығар?» Осы оймен бозбала сары жемісті үзіп жейді. Шал

сонда қызыл иегін көрсетіп, үнсіз күліп былай дейді: «Дұрыс істедің, ақ алманы жеп керегі жоқ еді... онсыз да байлығың әлі-ақ шалқиды. Сенің дәулетінді енді ешкім қызғаныш етпейді...» Сонда бозбала тұрып: «Қадірменді халифтің шешесі қайда тұратынын көрсет маған», – дейді. Шал басы жерге жеткенше иіліп, бозбалаға сұраған жағын сілтеп жібереді. Әңгіменің мазмұны осы. Тургенев мұны 1878 жылдың сәуір айында жазып, өзінің әйгілі «Қара сөзбен жазылған жүз өлең» топтамасына енгізеді. Шығарманы Тургеневтің отыз томдық толық шығармалар жинағынан алып мазмұндап отырмыз (И.С. Тургенев. Полное собрание сочинений и писем в тридцати томах. Т.10. – М.: Наука, 1982. – С. 138-139).

Енді Абайдың «Масғұт» атты пәлсапалық дастанының бірінші бөлімі туралы бірер сөз. Ақын жырын ең әуелі Мұхаммед пайғамбардың лақап аты – Махмұтқа сыйындан бастайды. Мұндағы бас кейіпкер бозбала орыс жазушысы жазғандай ірі қайратты, әрі атақты емес, жай ғана көптің бірі, кедей жігіт. Шаһардан сыртқа шығып бара жатып бір шалды шырылдатып тонап жатқан ұрыларды керіп қап, көмекке тұра ұмтылады. Қылыштасады. Ұрылар қашып жоғалады, бетінің қанын сүртіп тұрған Масғұтқа шал келіп былай дейді: «Бай да, батыр да, артық туған жан да емеспін (Тургеневте «тегін адам емеспін» деген), әйтсе де ертең пәлен жерде тосып тұрамын, менен базарлық алып қал?.. Осы уәдемен шал кетіп қалады. Ертесіне жігіт келіскен жерге келеді. Шал қолынан жетелеп далада бір бұзылған тамға апарады (Тургеневте базар ішінде шал мәрмәр хауыздың жақтауына сүйеніп тұрады). Там ішінде солқылдаған гүл, басында ақ, қызыл, сары, үш жеміс пісіп тұр. «Ағын жесең, ақылың жаннан асар, сарыны алсаң, дәулетің судай тасар, егер де қызыл жеміс алып жесең, ұрғашыда жан болмас сенен қашар», – дейді шал. Шалдың мына сөзінің әрі мағыналы, әрі астары терең екені бесенеден белгілі (Тургеневте сола бастаған сары жемісті жесең, егде әйелге ұнайтын боласың деген). Жігіт ойлап-ойлап қызыл жемісті алып жейді. Шал мұның мәнісін сұрамай ма енді. Сонда жігіт айтады. Қанша десем де ақылды

мен билей алмаймын, ақыл мені билейді. Бұл бір. Өзім барша жаннан артық болған соң, сырласатын кісім қалмайды. Бұл екі. Көп надан маған және мойын бұрмайды. Бұл үш. Сол есерлерге ем таба алмай, күндіз күлкі, түнде ұйқыдан қаламын ғой. Бұл төрт. Осы себепті ойлап ақ алманы жемедім дейді. Елден асқан бай болсам, жұрттың бәрі менің соңыма түсіп, біреу күшін, біреу түсін бұлдап, мал антұрған елдің ішін күйдіріп, күн көрсетпейді, содан сарыны жемедім дейді (Тургеневте жөйіт Ротшильдтей бай болсам, жұрттың бәрі көре алмай қызғанады дейді). Енді қызылды жеуімнің мәнісі мынау деп баяндап шығады: «Қызылды жесем, мені әйел сүйер. Арамдыққа жүрмесем, не жан күйер. Ұрғашы да көп жан ғой, досым болса деп едім, бір пайдасы маған тиер». Әрі ойдың ауқымы кең, әрі астары мығым. Бозбала «арамдыққа жүрмей» әйелдерден дос таба білсе, олардың пайдасы мол болатынын арғы ой көзімен көріп, біліп, сезіп тұрғандай (Тургеневте сары алманы жеген бозбала халифтің шешесі қайда тұрады, жол сілте деп аяқтайды сөзін).

Орыс жазушысы сомдаған бозбаланың түп ойы: Бағдатты билеген әмірші халифтің шешесінің көзіне түссем, соған ұнасам, ол егде әйел мені әрі дәулетті қылар, билікке қолымды жеткізер, дәулет болса, билік болса – ақыл қайда қашып құтылады деп, ақылына айла жалғап барып әрекет етеді. Ал, Абай әйелмен тату, дос болудың нәтижесі – мол табыс, үлкен мақсатқа жеткізерін тереңдетіп баяндап, көз алдыңыздан өткеріп шығады. Әйел біріңнің жарың, біріңнің қызың, біріңнің шешен, еркектен қысастық көріп бара жатсаң, арашаға жүрмей ме дейді. Адамның басы тірлігінде дауға түспей жүрмейді, әсіресе еркектің жолы тайғақ, сонда үйдегі тату әйелі еріне басу айтып отырса, жолы жеңілдемек дегенді айтады. Жалғанның тәттілігі де, қызығы да сол әйелдерден бастау алады, содан қызыл жеміске бұрылғаным дейді. Шал ризалығын білдіріп, мен Қыдыр едім, батам тиген адам қор болмайды деп, алғысын айтып қоштасады. Қыдыр шалдан бата алған, әйелдердің шарапаты тиген Масғұт ел көзіне түсіп, күндердің күні Халифаға уәзір болады, әділ, тұрақты ісімен Шәмсі-жиһан дүниенің күні аталып, абыройы асады. Дастанның бірінші бөлімі осымен тәмам.

Көріп отырсыздар: Тургенев әңгімесі мен Абай дастанының арасында қаншама айырым, белгі, өзгеше бояу барын. Тургенев бас кейіпкерін ақылдан гөрі айлаға бейім етіп суреттейді де, ақырында үлкен қаланы алақанында ұстап билеп тұрған халифтің өзіне емес, шешесіне көрініп, соған ұнауға тырысатын бозбала бейнесін танытады. Әміршінің анасына солуға айналған сары жемісті үзіп жеген бозбала қандай мінезімен, қай қылығымен ұнайтыны бізге белгісіз. Әйтеуір әлгі қасиетті жемістің арқасында егде әйелге ұнап, көңілінен шығады, Халифке жолығады, мәртебесі биіктейді. Егде әйелге, әрі бір ғана әміршінің анасына ұнаудың арғы астары кем, аясы тар. Әрине, бұдан адам табиғаты, достық пен қастық, отбасы, барлық пен жоқтық туралы үлкен пәлсапалық ой түйіндей алмайсың. Тургеневте егде әйелге бір ісімен ұнау символы ғана. Абайда бірі жар, бірі ана, бірі қарындас, әйтеуір ұрғашы әлеуметіне дос болу, олардың сүйікті адамына айналу деген әрі ауқымды, әрі аса мағыналы пәлсапаның есігі ашылмақшы, сол есік арқылы жігіттің алдынан күні ертең кескестейтін сан алуан қиыншылық, пәле-жала, күй, сүй, дос табу секілді өмірлік танымдардың кең панорамасы барша бояуымен өткелі тұр. Абай пәлсапасы әрі терең, әрі әмірдің өзіндей алуан өрнекті. Бұл тұста қазақ ақынының аруағын арттырып, орыс көркем сөзінің қас шеберін пәс қып көрсету ниетінен аулақпыз; дәйек пен деректің өзі аузымызға сөзді осылай салып тұр. Енді манағы академиялық салиқалы түсінікте екі түпнұсқаның «сюжеті бастан аяғына дейін дәл түсіп отырады» деген тұжырымның негізсіз екеніне көз жеткіздік.

Әңгіменің келесі төркіні – Абай түпнұсқаны қайдан алды!... оны қазақ ұғымына сай етіп қалай байытты ... соған келейік. Жоғарыдағы түсініктегі «екі шығарма да шығыс елінің белгілі бір сюжетін» тарқатып қайталайды» деген байлау да сын көтермейтін қисынсыз қорытынды. Тургеневтің бұл әңгімесі алғаш рет «Вестник Европы» деген Петербургте шығатын журналға 1882 жылы желтоқсан санына жарияланды. Осынау «Қара сөзбен жазылған өлеңдер» топтамасын жазушының өзінен сұрап алып журналға басып шығарған М.М. Стасюлевич есімді сол замандары әдебиетші,

әрі журнал редакторы еді. «Қара сөзбен жазылған өлеңдерді басуға әзірлеу барысындағы автор мен Стасюлевичтің бір-біріне жазысқан хаттары оныншы томның түсінігінде түгел келтірілген И.С. Тургенев. Полное собрание сочинений и писем в тридцати томах. Т.10. – М.: Наука, 1982. – С. 452-457). Осынау мөлтек әңгімелер маржанын Лев Толстой оқып, ұнатқанын жасыра алмайды. Енді бұл қара сөзбен жазылған өлеңдер әзірше жазушының жеке жинағына ене қоймаған, әрі Абай өмір сүрген уақытта өз алдына кітап болып басылмаған болатын. Ақынның қолына тиген әлгі журнал деп тұжырамыз. Бұл журналды орыс астанасынан жырақта, қазақ сахарасының қиырында жатқан ақынға кім жеткізді деген сауал туындайды. Әрине, біздің ойымызға екі бірдей кісі түседі. Бірі – Е.П. Михаэлис, өткен ғасырдың сексенінші жылдарында Петербургтен қазақ еліне жер аударылып келіп, ақынмен жақын танысқан сауатты кісі. Екіншісі – Петербург университетінің заң факультетін бітірген, поляк жастарының жасырын ұйымына қатынасып, 1882 жылы әуелі Сібірге, кейінше Семейге жер аударылған Гросс есімді көзі ашық поляк жігіті. Осы Гросс Семей қаласында ақынмен танысып, кейінше елге шығып, Абайдың көзқарасына, ойына игі әсер еткен аса алғыр азамат. Стасюлевичтің тегі поляк. Гросспен жақын көңілде жүрген жорасының бірі. «Вестник Европы» журналының шығу мерзімі мен Гросстың жер аударылу мезгілі дәл келеді. Әрі Гросстың да ұлты поляк. Осы екі себепті алдыға ұстай отырып, әрі сырлас, әрі мұңдас, әрі тектес Стасюлевичтің журналын жердің келесі шетінде, қазақ сахарасының түкпірінде жатқан Абайға жеткізуші поляктың оқыған азаматы Гросс деп қорытынды жасаймыз. Осы тарауды жазар алдында арнайы іс сапармен Семей облыстық мұрағатына барып, ондағы Гросс пен Михаэлис туралы бірді-екілі құжаттарды қолға түсіргенімізді жасыра алмаймыз. Соның бірі Семей кітапханасында сақталған «Вестник Европы» журналының каталогі мен Толстойдың демеушілігімен шығып тұрған «Детский отдых» журналының 1881 жылғы екі саны бізді үлкен қуанышқа бөледі. Сөзден сөз, ойдан пікір туындайтыны мәлім. Абай өз дәуірінде жазушы Толстой есіміне әлгі Гросс арқылы, я аталған журналдарды оқып қанықты деп ойлаймыз.

Әйгілі «Интернатта оқып жүр» деген өлеңін ақын 1886 жылы жазған, сол өлеңде «ойыңда жоқ бірінің, Салтыков пен Толстой, я тілмаш, я адвокат, болсам деген бәрінде ой» деп қисындауы әлгідей әсер, тамырлы байланыстан кейін туғаны анық. Абай Толстойдың атына қанық болды, бірді-екілі шығармасын оқуы әбден мүмкін. Ол туралы ештеме білмейтін ақын әлгіңдей өлең жолдарын жүрек лүпілімен тербеп кестелемес еді. Кейінше өзінің төл шәкірті, інісі Шәкәрімге орыс жазушысының сүрлеуіне түс, оқып біл, хат жазыс деп кеңес беруі де ықтимал. Төктергі: ақын жоғарыдағы «Масғұт» дастанының бірінші бөлімінің желісін сол дәуірде Петербургтен шығып тұрған Стасюлевичтің журналынан алған, сөйтіп, әлгі әңгімені өзінше байытып, тың ұғым, кең тыныс қосып қазақтың киелі дәмді сөзімен жырлап шыққан.

Енді түсініктегі «шығыс елінің сюжеті» дегенге келейік. «Мың бір түнді» Еуропаға ең бірінші әкелген аса терең білімді, ыждаһатты француз жазушысы А. Галлан. Галлан әйгілі әлемдік қазынаны 1704 жылы толық аударып шығарды. Былайғы ағылшын, неміс, орыс тәржімашылары сол француз білгірінің ізімен жүрді, кейінгі аудармалардың көбі әлгі Галлан аудармасының көшірмесі болып келеді. Он сегізінші, он тоғызыншы ғасырда жаңағы басылым он шақты рет қайталап жарық көрді, сол кездегі орыс жазушыларының көбі французша сөйлеген. «Мың бір түнді» оқып, рухани нәр алды, базбір желісі әдеби шығармаларының өзегіне айналды. Халиф Һарон Рашид Бағдатты 786-809 жылдар аралығында, яғни, 23 жыл биледі. Ең әділ, ақылды әмірші бейнесінде «Мың бір түннің» бас кейіпкерінің бірі болып, өлмейтін өнер бетіне ауысатын кезеңі де осы тұс. Халифтің Жафар есімді уәзірі болғаны да рас. Әйтсе де Тургенев оны Жиаффар деп әдейі өзгертіп алған. Ал Галлан аударған әйгілі ертегінің ұзын-ырғасында дәл Жафардың басына байланысты, я болмаса әлгі «Шығысаңызы» әңгімесінің мазмұны дәлме-дәл келетін ешқандай ертегінің желі, нобайы жоқ. Орыс қаламгері әр нұсқадан бір жоба дегендей, аз-аздан алып, өзінше қиял, бояу қосып, өзгешелеу етіп шығарма туғызған. Дәл осы желіні қазақ ақыны оқып алып, түпнұсқаға жалпы нобайы ұқсағанымен, оқиға желісі, тіл бояуы,

кейіпкер машығы, әңгіменің пәлсапалық астары мүлде бөтен бірегей туынды туғызған.

Енді «Масғұт» дастанының екінші бөлігіне келейік. «Екінші бөлік» деген нәрсе шартты ғана, әйтпесе дастанды ақын я тарауға, я бөлімге бөлмеген, желі біртұтас. Оқиға екінші бір арнаға түсіп, әрі қарай жалғасын табады. Мазмұны былай: «Масғұт сол ақылмен халифке уәзір болады. Уәзірлік етіп жүргенде, бір түні, баяғы қыдыр шал Масғұттың түсіне еніп аян береді. «Пәлен күні аспаннан жынды су жауады, оны ішкен адам жынданады. Судың жеті күн өткен соң күші тарайды, жұрт қалыбына келеді. Таза судан жиып алып сол жеті күнді тос», – дейді шал. Бұл хабарды Масғұт әміршіге айтып, пәлелі судан ішпейтін болып тас-түйін бекінеді. Білмейтін жұрт жындысудан ішіп алып тегіс құтырынып шыға келеді, шуласып, дүрлігіп жүреді. Халиф пен уәзірін көріп, «мына екеуі бізден өзгеше, жынданған екеуі, өлтірейік», – деседі. Әмірші сасады. Бұл жерде де Масғұт ақыл табады: «Құтылар хал болмады мына дудан, Біз де ішпесек болмайды жынды судан», – деп екеуі де ішіп салады. Өлгі дүмеген жұртқа көздері алақтап, екі иінін жұлып жеп жетіп барады. Өңкей жынды: «Байқамай айтыппыз», – деп, баяғы өлтіреміз деген сөзге кешірім сұрап, тарап кетеді. Оқиға осымен тәмам, ұлы ақын өзінің діттеген ойын үлкен пәлсапалық оралыммен жеткізеді. «Көптің бәрі осындай, мисал етсең, «Көп айтты» деп алданып, уағда күтсең. Ғәпіл боп көп нәрседен бос қаласың, Андамай көп сөзімен жүріп кетсең». Осынау ғаламат ойлы пәлсапаға жамау жапсырып бірдеме айту-дың өзі әбес.

Абай дастанның осынау екінші бөлімінің желісін қайдан алды?.. Осы сауалға жауап іздеп ақтармаған кітабымыз аз. Тургеневтің «Қара сөзбен жазылған жүз өлең» топтамасында «Екі шумақ» деген әңгіме бар. Әңгіменің қысқаша мазмұны былай: «есте жоқ ескі мезгілде ерекше қала болыпты. Оның ерекшелігі сол – тұрғындары өлең-жырды сұмдық жақсы көріпті. Аптасына бір жаңа өлең естімесе, аспаннан қара бұлт төнгендей қабақтары тырысып, орталық алаңға жиылып, кайғыдан аһ ұрып, теңселіп жүріп алады екен. Жаңа өлеңнің болмауы егінге бұршақ

тиіп, елді су алғанмен бірдей қаралы күн саналыпты. Осындай сабылысқан бір күні Юлий есімді ақын келіп мінбеге көтеріледі. Жұрт сілтідей тұнып тына қалады. Ақын былай деп бір шумақ өлең оқиды: «Достарым! Өлең-жырдың ынтызары: әдемі сөз бен сөйлемнің қошеметшісі, көңілдегі мұнды серпіп кетірсінші, күн шығып қуғанындай жұлдыздарды». Мынаны тыңдаған жұрт тым-тырыс. Әлдекім ерсі жөтеліп еді, былайғылар өлеңді ұнатпаған қала басшысы екен деген оймен шулап қоя береді. «Дарынсызды қуындар?!» – деп, бөрідей үдереді, біреу жұлқып төменге сүйреді, өзгелері жабыла төмпештеді. Өлдім-талдым дегенде әлгі тобырдан эзер құтылып, былай шыға арттағы жұрттың жүрегі жарыла қуанып, ду қол шапалақтағанын құлағы шалады, таң қалады... Қайта айналып келсе, мінбеде өзінің досы қолын сермеп өлең оқып тұр. «Көңілдегі мұнды серпіп кетірсінші, күн шыққан соң жоғалар жұлдыз тағы...». Ау, ағайын, мынау менің әлгідегі өлеңім ғой деп, Юлий шыж-быж. Алдында тұрған адам мұны түтіп жібергендей болып: «Аузыңды жап, ақымақ!» – дейді, – сен «күн шығып қуғанындай жұлдыздарды» дегенсің, ал мына ғажайып дуалы ауыз ақын «күн шыққан соң жоғалар жұлдыз тағы!» деп жүрегімізді жарып жібере жаздаған жоқ па! Қызғаншақсың! Өнерден түк хабарың жоқ!.. Юлийдің нарт болып қызарғанын айт: «Ау, екеуі де бір өлең емес пе!» – деп күйіп-піседі ыстық табаға түскендей. Сол мезетте ақ сақалды қария келіп, Юлийға былай дейді: «Сен өз өлеңіңді айттың, әйтсе де дөп әсерін таппадың, анау өзгенің өлеңін қайталады, әйтсе де дөп әсерін тапты, басшының құлағына жақты. Ертерек жөніңді тап, әйтпесе мына үдерген топ жүндей түтеді». Шалдың ақылымен кері жылыстап бара жатып жас ақын өзінің өлеңін ана Юлийдің қалайша қақсап оқығанын құлағы шалады... Қала халқы дуылдай жаңғырады... Жамырай қол соғады ... Осымен Тургенев әңгімесі тәмам. Мұны ол 1878 жылы сәуірде жазған, ол да «Вестник Европының» 82 жылғы 12-санында шыққан. Әңгіменің мазмұны «көптің аузын күзетсең, күн көрмейсің» дегендей, дүрліккен көп әншейін тобыр, ішіндегі оғаштау біреуі үн көтерсе-ақ қалғаны соның әуеніне төңкеріледі, ауа райындай

айнығыш дегенді әжуа етуге арналған. Жынды су ішіп алған көпшілік секілді, ештемеге көз жеткізбейді, ештеменің байыбына бармайды, түбін тексермейді. «Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Файсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? – ол көп, ендеше, көпте ақыл жоқ. Ебін тап та жөнге сал» (Абай. Екінші том, 133-бет). Тургеневтің дана шалы айтпаушы ма еді, бәрін де шешетін мезет, сен өз сөзіңді айттың – сәтін таппадың, ал ол өзгенің сөзін айтты – сәтін тапты, көптің көңіліне жақты деп. Жұрттың ойынан шығамын деп іс қылған қаншама дана құшынаш болып қаңғып кетті, көзге түсе білген ақымақты сол жұрт жабылып хан көтерді. «Жұрт – жас бала, жылатып тартып алма, білдіртпей ептеп алсаң залалы жоқ» деп ақын көптің көңілі туралы әдемі ой кестеледі емес пе. Дүниеде мәңгілік тақырыптар бар, ол – қалып. Шекспир кейіпкері Гамлетті өз ішіне өзі үңілген, ешкімге сенбейтін, ешкімнен опа, мейір тілемейтін өзімшіл қалпында танып, адам жан әлемінің өзімшілдігі бейне ұйық батпақ секілді, шетін бассañ, барша болмысты жұтып жұрдай қылып жоғалтарын көрсетті. Дарыны қарама-қарсы полюстегі ұлы Сервантес ұзынтұра серісі Дон-Кихот арқылы өзін ұмытып, өзгелерге жақсылық жасасам, жарыққа жетелесем, көз жасын құрғатсам, бойымдағы қасиетімді бөліссем деген ақ жүрек аңғал қалыпты егжей-тегжейлі елестетіп берді. Ақ көңілдің аты арымас, тоны тозбас қалыбы өзі әлсіз, кісі күлерлік, қаусаған серіні зау биік мықты қажырлы мінезге көтереріне кәміл сенесіз. Сыртқы дүниенің алдында өзімшіл – бүгежек, әлсіз, ал қайырымды адам – қуатты әрі батыр. Шекспир өзімшіл қалыптың қылпыған қылыштай, қатты ұстасаң қолыңды кесер аса қатерлі қыры мен сырына көз жеткізсе, Сервантес қайырымдылықтың маңдайға таяқ боп тиер көп қатері барын тағы ескертеді. Жер бетінде қайырымдылық шіркін және жойылып кетпейді, қайырымдылық жоғалса – заман ақырдың орнағаны; адам кеудесінен өзімшілдік оты және өшіп бітпейді, өзімшілдік жойылса – мына дүниеде жер үстінің жұмағы орнағаны. Қарап тұрсақ: әзірге жер үстінде жұмақ орнай қоймайды, заман ақыр да болмайды; Шекспир мен Сервантес мәңгілік адам қалпын

жырлауымен құнды деп тұрғанымыздың дәлелі – осы. Көпшілік, тобыр, «көптің аузын күзеткен» кісінің күн көре алмасын, ақылды адамдар көпке жағамын деп тірлік қылмасын ақын жыңды су ішкен қала халқының әрекеті арқылы көз жеткізеді. Көпшіліксіз тағы күн жоқ. «Көрдің бе, көп тентектің қылған ісін? Еріксіз есті екеуін есер етті» деп тәлім танытады. Токетері: Абай өз дастанының екінші бөлімін Тургеневтің «Екі шумақ» әңгімесінің жалпы нобайынан алған да, тобыр мен жеке бастың кереғар пәлсапасын өзінше бірегей бояумен таратып шыққан. Алдыңғы желіні ойша өрбітіп, оған мына жыңды су ішкен көпшілік оқиғасын қосып өмірге қажет терең мәнді түйін түйеді. Тургеневтегі бос даурықпа өлеңге еліріп көшеде теңселіп кеткен ерсі жұрт мына Абайды «түкке тұрмайтын бір шумақ өлеңге елтіп», мас болмай-ақ, ғайыптан пайда болған жыңды су ішіп, өзді-өзі жұлқынып жүр. Өздері естен айырылғаны аз болғандай, есі бүтін екеуді көріп қап, оларды «жыңдысың» деп жүңдей түте жаздады. Жалпы «жыңды су» желісі «Мың бір түн» кітабында ұшырасады, әйтсе де ол оқиғаның меззеуі де, шешімі де мүлде басқа арнаға құйып жатады. Сондықтан «Масғұт» дастанындағы осынау жұлынды тұс орыс жазушысының қара сөзбен жазылған, өлең желісінен алынған деуге толық негіз бар.

Дастанның арғы астарында, яғни терең ағысында ақыл адамды билесе қандай болады?.. Адамның өзі ақылды билесе қайтпек керек!.. деген сауал қойылады. Ақын кейіпкері Масғұт адам болмысының ақылды игеріп, билегенін құп көреді. Қалыптағы көп сезім, түйсіктің бірі – ақыл. Енді сол ақыл келіп былайғы барша болмыс, ұят, жүрек, сүю, жек көру, жақсы көру, сезімдерін игеріп әкетсе – пенде ойыншыққа айналады. Қалыбы жоқ көлеңкемен пара-пар. Ең ғанибеті адамның өз басы өз ақылын игеріп, өлшеп, болжап жүрмегі екен. Шындық ақынның мықты аналитик-психолог екенін айғақтайды. Дастаннан өзіміз тапқан екінші астарлы ағыс – мына тіршілікте көп жігіт малы мен ақылын асырай алмай, көбіне қатын, қыздан көмек сұрайды деген ой. Бұрын малды асырайды дегенді еститінбіз. Енді Абайда «ақылды асырайды» деген сөз бар, байыбына болжап барласақ,

«бақпаса мал кетеді, қарамаса қатын кетеді» деген қадым қазақтың сөзі секілді; ақылды да қарап, алды-артын күтіп, баптамақ ләзім екен. Жанның тамағы деген сияқты, ақылға да қорек қажет, өмір бойына үздіксіз оқып, ізденіп көз майын тауысқан білімпаздар әрекеті сол ақылды баптағанға келеді. Осындайда «жылына 5-6 кітап оқымаған жазушы қарайып, түнде көрмейтін тауық секілді соқыр боп қалады» деген Әуезовтің сөзі еріксіз еске оралады. Былай бұрылып қарасаң, «ақыл мен мал екеуін асырай алмай», бірін ұқсата, бірін ұқсата білмей шақшадай басы шарадай болып шаршап жүргендер қаншама? Адам – өзін қоршаған ортаның көпірі. Әйгілі «Масғұт» дастанын талдау арқылы қайырымдылықтың текке кетпейтінін, кісі жұрттан асқан ақылды болғанда, сол ақылын игеріп, иелік етіп жүре ала ма, елде көп ақымақпен айтысып, шарпысып жүріп өмірі қор болып өтеді ме – таяқтың екі ұшындай мәселе. Қисапсыз бай болсаң, ол-дағы көптің ішін күйдіріп, сұрамсақты көбейтер, берсең – аз деп күйдіреді, бермесең – сұрамсақ итпен ырылдасып ит болғаның. Талап жеуге бәрі дайын. Мейрампаздың әуеніне төңкеріліп, күніге қырық құбылған көптің аузын күзетсең, күн көрмейсің. Көп даурықпа, дабырашыл, төбеге шығып билік айтқанның аузы қалай қисайса – күн аңдыған күнбағысқа ұқсап, жұрт солай еңсеріледі. Сол кезде құдай берген қалыбынды қалай сақтайсың! Ақылдың қырын қылыш етіп қай іске сілтемексің!.. Ақынның баяндап, бажайлап бергенін көңілге тоқысаң құп. Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі таласып келіп ғылымның алдына жүгінген кезде ол көкең айтпап па еді. Ақыл, сенің қырың көп, байқа деп. Әрбір қырдың сан алуан өткірлігі болады. «Масғұт» дастанының оқиғасына байланысты мына тіршілікте, әсіресе, өмірде жіті ұшырасатын төрт-бес қырын тілге тиек еттік. Баяғыда қазылық қылған ғылым сөйлемеп пе еді: «қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің» деп. «Ақыл, қайрат, жүрек, осы үшеуің басыңды қос, былайғы өмірді жүрекке билет, ол көріп тұрып жаманшылыққа бармайды», – деп ұқтырды емес пе.

Лев Толстойдың күнделігін оқып отырсақ, орыс ойшылы 1847 жылдың наурыз-мамыр айларында ешкімге тәуелсіз адам болмақтың 43 шарты деп, кісі өзін-өзі қалай қолға алу керектігін

айтып ұзақ ереже жазған. Бұл ережені жазушы өзінің қалыбын қайта қарап төзім шеңберін кеңейтуге арнайды. «Сезім әлеміне саяхат», «ақылдың қырын ұстарту», «есте тұтуды жетілдіру», «өзімшілдікпен бетпе-бет» секілді баптарға бөлінген ереже кісіні қызықтыра тартады. Ең ғанибеті, осы ереже бойынша өзін-өзі тексеруге дағдыланған жазушы бөтен көз байқамайтын, өзі ғана сезіп білген өз мінін былайша термелейді. Тағы сол күнделіктен үзінді: «1851 жыл 24 наурыз. Күндегіден кеш тұрдым, кітап оқыдым, жазуға үлгермедім. Пуаре келіп екеуміз шамалы семсер сайысына түстік, қайтарып жібере алмадым (көңіл жықпастық пен қорқақтық). Содан соң Иванов келіп мылжыңдасып отырып алдық (қорқақтық). Колошин ішкісі келіп кірген екен, жекіп жібере алмадым (қорқақтық). Озеровқа ұшырасып надандық туралы біраз дауластық (дауласуға құмарлық) әрі тоқетерін ашып айта алмадым (қорқақтық)...

Волконскийлерге соғып бір сағатқа жуық айналып қалдым (босбелбеулік, мақтанқұмарлық)». Күнделік дәл осылайша жалғаса береді (Л.Н. Толстой. Собрание сочинений в двадцати двух томах. 21 том. – М.: Худ. лит, 1985. – С. 35). Көріп отырсыздар, жазушының бір күнгі бастан өткізген оқиғаларын жіпке тізіп баяндауымен қоса жақшаның ішіне алып өз мінін аяусыз көзге шұқып көрсетіп отырады. Абай да өз мінін өзі ашып қарастырудан тайынбаған, қапысыз, бүкпесіз, берік қылыштың иесі өз мінезін қайта-қайта қолға алған адам. Оқиық: «Ақыл – ар, ұят күзетшісі», – деп жазады екен.

Шайтан ісі: пайда (пайданың соңына түсу мағынасында, Д.Д.), мақтан, әуесқойлық.

Жүрек ісі: достық, қастық, барша қызыққа құмарлық.

Мақтан кума, бойыңа өлшеп сөйле, өзіңнің орныңды, бағаңды білсең – болмады ма, «өз бағаңды өзіңнен кім сұрайды» (Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том, 325-бет) деп замандасын кеудеден нұқығандай етіп қатты сақтандырады. Бір өсекті естісе, соны үлкен оқиғадай етіп, өзін білгіш те сезгіш қып көрсетпекке ұмтылып, даурыға күліп жүретін жора көп, өзгеден естіген жылт етері бар тәуір сөзді өзінікі ғып тонын теріс айналдырып киіп, сөзбен семіретіндер

бар, осыларға қаратып «өз күлкіңе өзің қарқ болма бекер» деп мән айтып міней түседі.

Шынның бетін бояма, ашық, пердесіз жүрсін дейді ақын.

Жалғанда айта жүрсе – бұзақылық деген бар: ол мін бойына сіңген адам қай заманда да болған, қай ортаны болсын лайлап, бүлдіріп, бірді-бірге айдап салып, өсек пен өтіріктен өрмек тоқып өжендестіріп, ақылдың майырылмайтын алмас жүзін тасқа шапқан қылыштай етіп бұзып жүргені баршаға аян. «...бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені ойыңа аласың, мықты атанасың деп, ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр. Кім азса мен соған керек боламын деп, к ... қыздырып алып, өзін біраз ғана азық қылайын деп жүр» (11, 145). Іші тар ала құйын бұзақының тіліне еретін, имандай ұйып сенетін, сөйтіп бұзылып, жақсыға «қосамын деп бір-бір ит ырылдатып ұстап жүргендер» қаншама. Ескі мезгілден бастап бүгінгі күнге дейін жаратқан иенің жақсы негізіне тартып, дүниеге келген пенделердің қыр соңынан қалмай, көлеңкеше ілесіп қырсық боп шалып, ақырында аздырып, тоздырып бітетін мінез қырын тексеріп келгенде, басты-бастысы – осылар. Жарық дүние жалғанда адамның көңіл жүгі деген болады, кей адамның көңіл жүгі атан түйе көтере алмастай тым ауыр, кей адамға бұйырғаны бармақтай ғана: сол салмақты көтеремін, көтеріп келе жатырмын дегені – өмір сүрдім, тіршілік құрдым дегені. Кейде, тіршілік сапарында тырбанып келе жатып біреумен айрықша дос боламыз деп, я біреумен бітіспестей қастық қыламыз деп әлгі өлшеніп берілген жүкті ауырлата түседі екенбіз. Алыс қиыр сахарада үздігіп шаршап келе жатқан жаяу жолаушының иығына «мынаны да жеткізе сал» деп қосымша қоржын аса салсақ – қайтер еді?... жолаушының жүгі рабайсыз ауырламақ. Үздігіп келе жатқан кісі артық салмақтан зорығып жетем деген межесіне жете алмай, тұмсығымен жер сүзіп құлауы мүмкін. Мына өмір заңы да солай ендеше. Айтысамыз, тартысамыз, дос табамыз, кек қайтарамыз деп жүріп кісіге үйретіп ала білсек – дос тапқанымыз.

Үркітіп, ұшырып алсақ – жалғыз қалғанымыз.

Сауысқан көңілге өзіңнен артылған жүкті «апарыса сал» деп қалай артарсың!

Көңіл беріктігі деген тағы бар. Ол қасиеттің бір белгісі «орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен-дағы, күнінде айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен» (Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том, 150-бет). Іздеген нәрсесін тапқанша жанды да, ақылды да аямау – беріктіктің белгісі. Я ізденіп жүрген дәнемесі жоқ, я тер төгіп, бейнет кешіп күнкөрістігі жоқ, бекер, босқа сенделісті қор болған өмір дейді. «Еңбегі жоқ, бекер, босқа сенделісті – қор болған өмір», – дейді. «Еңбегі жоқ, еппенен мал табам деп, сендіре алмай, сене алмай, сенделеді» (Сонда, I том, 203-бет), ақырында тәп-тәуір мінезін бұзып бітеді: «Ұсақ құлық бір ғана өмір үшін» (Сонда, I том, 297-бет) деп жүргенде, Адам көңілден ауысып Шайтан көңілге түсіп кетпейік, жарандар.

Жоғарыда ақылдың жақсы, әрі жаман қырын тілге тиек еттік. Енді «ақылдың көзі» дегенге келейік. Бұл жәйт көңіл көзі, жүрек көзі дегенге көбірек ұқсайды; жүрек көзі – сүймек, сүймек сезіміне байланысты айтылса, көңіл көзі – кісінің қалыбын, мінез қырын (орысша настроение) көрсететін құбылыс. Ал ақыл көзі – адамның барша болмысын айқындайтын үлкен тұрғыдағы өлшем, парық таразысының тілі, адамның кісілік қалпы. Ақыл көзі көрмейтін кісі – әумесер. Енді Абайға сөз берелік: «... эне-міне, жетер-жетпес болып жүргенде, бір түрлі мастық пайда болады екен. Әрбір мастық бойдағы ағат істі көп шығарып, ақылдың көзін байлап... «ананы, мынаны» дегізіп, бойды сынататұғын нәрсе екен» (Сонда, II том, 150-бет). Ақылдың көзін байлап кісіні адастыратын ең қатерлі нәрсе – көрсеқызарлық, нәпсіні тыя алмау деп тұр ақын: бұл кезде көз алдына тұман тұтылғандай болып, көретін нәрсені көрмей, сезетін жайтты сезбей, осыным ғана дұрыс деген жобамен, соқыр кісінің қолындағы таяғына ілескені секілді табан жолдан жазбай, біраз нәрсені байқамай өте шығатынымыз болады. Мұндай кезде жаза басып омақасуымыз оңай. Маңдайдағы көз бен санадағы көздің айырым белгісі жер мен көктей, әрине. «Соқырдың таяғына ілескендей» деп символдық меңзеумен айтып тұрмыз, әйтпесе санадағы ақылдың жаза басуы, яғни, ақыл көзінің тұтылуы иесін айтып болмас қасіретке соқтырады. Манағы айтқан ақыл

көзінің ашық болуы, жіті көре білуі, жаза басып қалт жіберуі көбіне-көп мінез қалыбына байланысты болуы мүмкін. «Сан кітабында» (Инжілдің көркемделген бөлігі) мынандай қызық оқиға бар. Моавит патшасы өзінің қарсыластары көбейіп, тынышы кетіп, әбден құты қашқан соң айтқаны қате кетпейтін Валаамды шақыртады. «Мол сый беремін, жауларымды айтқаны қате кетпейтін оқтай сөзімен қарғап берсін», – дейді. Мол сыйдан дәмеленген әулие есегіне мініп патшаның шақырған жеріне жетеді. Валаам әулиені қолтықтап қыр басына шығарады. «Әне, екі иығын жұлып жеп, аузы-басы қыбырлап өсек айтып жүрген кетік қара ең бірінші жауым, қарғап ішінен қан өткіз», – дейді. Әулиенің аузынан қарғыс орнына «жарылқай гөр, жаббар ием» деген бата шығады. Патша аң-таң. «Ендеше ана мінбеге шығып білгішсініп жөнсіз көкіп тұрған қоңқақ мұрынды қарға», – дейді. Әулиенің аузынан тағы қарғыс емес, бата естіледі. Патшаның ашуы келеді. «Алжығанбысың, ең болмаса мына еңістегі мысық тілеу пайдакүнем салықшыны ұйқысынан оянбайтын етші», – дейді. Әлгі әулие барша жын-перісін шақырып, аруағына мініп қаһарланып, қос қолын алдына сілкіп, «а-а-а, құдайдың қарғысы тисін қара ниетіңе!» десе, әлгі үні аузынан шыққан мезет күрт жұмсарып «алғысы тисін ақ ниетіңе!» болып естіледі. Патша бұлқан-талқан, әулиені түк татырмай, бақыр бермей маңайынан қуып жібереді. Сонда Валаам әулие сый орнына таяқ жеп, қапаланып келе жатып айтқан екен: «Менде жазық не, тілімді келтірсем де ділімді келтіре алмадым. Жаратқан иенің пәрменінен аспадым», – деп. Дәл осы мысал сөз Абайдың қазаққа қаратып айтқан көп сыншылдық, өткір әжуа, өлтіре сынап, мінеген, аяусыз қажаған, көзге шұқып мінін көрсеткен қара сөздері мен өлеңдеріне келетіндей. Ақын қаншама қатты айтса да, халқының ертеңгі күнін, келешегін ойлайды, қанына қарайып кейіп сөкпейді. Қарғыс жаратқан иенің наласы мен пенденің ниеті үндес шықса деп тимекші. Өзінің өзек жарды өкінішін, наласын, ренішін ақын хақтың сөзіндей қылып айтқанымен артында үлкен үмітке, сәулеге талпынушылық, жақсыға бет түзеу ниеті басым. Көзіне жас алып отырып, қамкөңіл жұртын жұбатсам дейді, жүрегін тоңдырған мұзды жібітсем дейді, «жүрер жолың мынау»

деп бетін түзейді. Менің көрген қорлығымды кейінгі көзі ашық жастар көрмесе деп тілейді. «Ары кеткен алдағыш, мені-ақ алда, сөкпейін. Балы тамған жас қамыс, Ормасаңшы, көктейін!» – деген сөзде ұрпағына деген қимас іңкәрлік, үзілмес үміт сәулесі жатыр. Сөз оқырманның көңіл айнасына деп түсіп, сәулесі құбыла көрініс тауып, сезім сырымен арбап алып жатса құп. Екінші, сол сезім күйі оқырманның бойына анық, қанық қалыбымен жеткені жөн. Үшінші, сөз иесі өзі де иланып, өзгені де иландыратын шыншыл ақ жүрегімен айтпағы ләзім. Осы үш қалып қамшының өріміндей тұтаса жымдаса келіп, әдебиеттегі өнерді туғызбақ. Ақын ділінде осы үш сабақтастық үндесе көрініс табуымен қызық. Жақсылықтың бітіспес жауы – жамандық. Жамандық дүние дүние болып жаралғалы жақсылыққа салқын қарап келеді. Адам табиғатында өзі сүйіп, өзгеден сүю іздеп өтпекші. Ақын ақылдың сан алуан қырын сөз етіп, оның дұрысы қайсы, бұрысы қайсы, соққан желдей жүйткіп өтіп жатқан уақыт жалында жүріп қай қырын тандасақ – жарым жолда омақаспай, сүрінбей, қабынбай, жанды жалдамай, адамзаттың көңілін құштар ғып магнитше тартқан Сүю атты үлкен мекенге қалай жетеміз дегенді түсіндіреді. Ұқтырып береді. Әрине, қасиетті кітапта айтылған нағыз үлкен сүюге жету – қиынның қиыны. «Біреу бар, Масғұт секілді Қыдыр қолдап, діттеген межесіне тез-ақ ілігетін. Енді келесі бар, самайын қырау шалып, бойын дерт алып, өлмесе де өлімші боп әзер ілігетін. Өзі жетпесе де, сөзі жететін өнер иелері қаншама. «Мен келмеске кетермін түк өндірмей», – деген Абай сол үлкен Сүюге өзі жетпесе де, қасиетті қадым өнері жететінін сезді ме, сезбеді ме, көзі жетті ме, жетпеді ме... Алла аузына салғандай, сұрапыл дарынының арқасында тап осы қазіргідей отырып көз жеткізіп білді деп ойлаймын.

#### Әдебиет

1. Досжан Д. Шығармалары. IV томдық. – Астана: Фолиант, 2008. – 3-том. – 380-395-беттер.

## АБАЙДЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІН ОҚУ-ТӘРБИЕ ІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ

Абайдың өлеңдері орта мектептің V, VI, VII және IX класстарында өтіледі. Солардың бірсыпырасында-ақ ақынның нақыл сөздері (афоризм боп келетін сөздері) мен өлең жолдары кездеседі. Бұл афоризмдерінде ұлы ақынның терең ойлары, даналық пікірлері жататындықтан, оларды талдап түсіндіру, оқушыларға таныту мұғалімдерден талап етілмек. Мұның шығарманың мазмұнын түсінуге де, тілін түсінуге де септігі бар. Ол ғана емес, афоризмдерді оқушылардың тілін дамыту бағытында пайдалану сөзсіз керек болады. Бұл – әдебиет пәні мұғалімдерінен талап етілер міндеттердің бірі.

Егер Абай афоризмдерін тек қана ақын өлеңдерін өткен уақытта ғана пайдаланып қойсақ, онда бұл асыл сөздердің мазмұнының шегін, қызмет аясын тарылтқан болар едік. Ұлы ақынның афоризмдерін ретін тауып пайдаланудың жолын мұғалімнің әр кез қарайластырып отырғаны дұрыс. Бұл – Абайды танытуда оның сөздері арқылы өзін көмекке алу деген сөз. Міне, Абай афоризмдерін оқушыларға таныту, үйрету әдебиет пәні мұғалімдерінің міндеті болумен қатар, өз пәнінен ой түйінін беретіндей жағдайдың жүйесін тауып пайдалану басқа мұғалімдерге де жөн сияқты. Әдебиеттен өзге пән мұғалімдері оқушыларға тәрбие беру барысында да, басқа көптеген амал-тәсілдермен қатар, ұлы ағартушының даналық сөздерін көмекке алып отыруы – сөзсіз керек іс.

Әрине, қай-қай мұғалімдеріміздің болса да анық мүмкіндігі келетін жайға тоқталып, яғни, Абай афоризмдерін V класта қай тұрғыдан үйрету немесе қай афоризмдерін танытқан жөн, бұл жұмысты VI не VII, IX класта қай бағытта жүргізу керек дегенді ғана айтып, керісінше, негізгі нәрсені – афоризмдердің мәнін ашу сияқты күрделі мәселені – қаға беріс қалдыруға әсте болмайды. Біздің басты міндетіміздің өзі – Абай афоризмдерін

оқушыларға білім және тәрбие беру барысында, ретіне қарай, сабаққа байланысты, сабақтан тыс тәрбие ісінде мүмкіндігін тауып мұғалімнің пайдалануына көмек боларлық материал беру, афоризмдердің мәнін ашудың жолдарын көрсету.

Алғаш оқушылардың «афоризм» деген сөздің не екенін білуі шарт емес, әуелі афоризм болып келетін сөздерді орнын тауып бірнеше рет пайдалану керек. Осы пайдалану үстінде бұл сөздердің жұмсалыу реті, қызметі, керек етер орны көрінеді. Мұның өзі афоризм сөздердің мәнін білуге көмектеседі.

Мұғалім сабақта өтілетін өзге де шығармалардан афоризм сөздер кездесе қалса, жол-жөнекей оларды да тапқызып, түсіндіріп отыруды мақсат еткені әрі осындай сөздерге сөздік дәптер («Өнегелі сөздер» деген атпен) арналғаны жөн. Сонда ғана мұғалімнің бұл салада жүргізетін жұмысы бір жүйелі бағыт тапқан, тиянақты, нәтижелі, жемісті жұмысқа айналады. Мұның өзі екінші кезекте афоризм тек Абай шығармаларына ғана тән дүние еместігіне, мұндай сөздер белгілі ақын-жазушылардың шығармаларында да кездесе беретініне оқушылардың көзін саналы жеткізу болмақ. Айталық, V класта Бейімбет Майлиннің «Түйебай» деген әңгімесін өткен кезде Абайдың:

Кітапты молда теріс оқыр,  
Дағарадай болып сәлдесі.  
Мал құмар көңілі бек соқыр,  
Бүркіттен кем бе жем жесі, –

деген сөзін сабақта эпиграф ретінде алып, оны көрнекі етіп жазып, жұмалыққа ашқарақтана ұмтыла көз тіккен сәлделі молда суретін де салып қойса, текстен ақын сөзінің мәніне ұқсас келер жерлерді тапқыза отырып, Абай сөзінің мағынасын түсіндірсе, жетіп жатыр.

И. А. Крыловтың «Қарға мен түлкісін» өткен орайда қарғаның образын аша түсу үшін және оның қылығына баға беру үшін Абайдың «Надан қуанар, арсаңдар, таңырқап тұра қалсаңдар», «Мақтанды қуып, қайғы алма» деген афоризмдерін көмекке алуға болар еді. Оқушыларға мақтаншақтықтың өзі бір білместіктен

болатынын, кісі өз бойында қандай қасиеті барын анық білмеуден туатынын, ал кісінің өзін-өзі танымауы кемшілігі, бойындағы міні екендігін, осындай өз бойында кемшілігі, міні көп адамдар мәдениеті жоқ, надан адамдар аталатынын айту арқылы «надан» деп кімдерді айтатынымызды түсіндіреді. Мысалы, қарға:

Қарға батыр, әр сөзің – күміс, алтын,  
Сыртыңнан тілеу тілейді барша халқың... –

дегенге шын иланып, өзін түлкі айтқандай сезінеді. Өзінің бар болғаны қарға ғана екендігін сезінбейді. Мұғалім соңғы:

Мақтан сөзге семіріп, судай тасып,  
Пәрменінше қарқ етті аузын ашып;  
Қарқ еткенде, ірімшік жерге түсіп,  
Оны кетті түлкіекең ала қашып, –

деген бір ауыз өлеңнің алғашқы екі жолына оқушылардың назарын аударып, олардан қарғаның осы сәттегі кейпін айтуды талап еткенде, өздері анық түсінген жайды дәл басып, керекті сөз тауып айтып беруге қиналар шақ туады. Сонда мұғалім Абайдың:

Надан қуанар, арсаңдар,  
Таңырқап тұра қалсаңдар, –

деген сөзін келтіріп жіберсе, Крылов сөзінің де мәні ашылып, Абай афоризмінің де мазмұны түсініледі, әрі оқушылардың аузына да сөз салынып жатыр. Әрине, қарға қылығына қорытынды керек. Абайдың «Мақтанды қуып, қайғы алма» деген сөзі қорытынды қызметіне жүреді. Сол сияқты түлкіге де бір баға керек. Түлкінің өзі және оның мақтаншыл қылығы айырыла түсіндірілуі керек. Абайда:

Мақтау – жел сөз, жанға қас,  
Қошеметшіл шығарған, –

деген афоризм бар. Мұғалім осы сөзді ала отырып, қошеметшіл түлкі екенін, оның мақтау сөзі – қарғаның бойында жоқ батырлық,

оның үнінде жоқ әуезділік, оның сөзінде жоқ күміс – өтіріктен айтқан жел сөз екенін түсіндіреді.

Мұғалімге V класта «афоризм» сөзінің мәнін «Мақал үлгілерінен» деген тақырып тұсында түсіндіруге болады.

Афоризм – түйінделген, қорытындыланған ойды білдіретін өнегелі сөз.

V класс оқушылары үшін мұндай өнегелі сөзді ауыз әдебиетінде «мақал» дейді, ақын-жазушы шығармасында кездессе, афоризм дейді дегеннің айналасында ғана түсіндірсе, толық жетіп жатыр.

Осы тақырыптың «Тіл, сөз, өнер, білім туралы» деген бөлімінде «Сөздің көркі – мақал», «Аз сөз – алтын» деген мақал бар. Осы мақалдарды тақтаға жазып, оқушылардың өткенде алған білімдеріне сүйене отырып, Абайдың «Мақтанды қуып, қайғы алма» деген сөзін естеріне түсіре отырып, осы бір ауыз сөзде жатқан мағынаға көңіл бөлу керек. Халық осындай мағынасы терең, ал көлем жағынан аз сөздерді алтын дейді. Мақал, афоризмдер осындай алтын сөздер екендігін ұғындыру керек.

Осы ретте мұғалімнің Абайдың өнер, білім, еңбек жайлы айтқан бірнеше афоризмдерін оқушылардың «Өнегелі сөздер» деген дәптерлеріне тақырып-тақырыпқа бөліп жазғызып қойғаны жөн болады.

VI класта да Абай афоризмдерін оқушыларға білдіру ісін жоғарыдағыдай сабақта өтілген тақырыптың мәнін ашуға көмекші ретінде «елеусіз» айту арқылы ұғындыру керек. Айталық, бұл класта бірінші сабақ – «Аяз би» ертегісі. Мұғалім ертегіні өткен кезде тіл дамыту жұмысын сөзсіз жүргізеді. Ертегіде кездесетін «Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Қылыш үстінде серт жүрмейді», «Біреуге ор қазба, өзін түсерсің» деген мақалдарды оқушылардың «Өнегелі сөздер» дәптеріне түсіндірмесімен қоса жазғызады. Әрі ертегіден: «Хан не дерін білмеді, бір қызарды, бір бозарды, жерге кіріп кеткендей болды.

Ақырында:

– Мен айыптымын, менен бір қате болды, шайтанның азғыруына ердім, оған себеп – мына уәзірлер, – деген тұсты мұғалім айта келіп, халықтың ұятқа байланысты «Өлімнен ұят күшті» деген

мақалын оқушыларға айтқызады. Тіпті ертегінің 40 уәзір тіліне ерген хан қылығы сөз болатын бөлімін осы мақалды тақырып ете отырып баяндатады. Міне, бұлардың бәрі – оқушыларға әрі текспен жұмыс, әрі тіл дамыту бағытында жүргізілген шаралар, яғни, күнделікті сабақ үдерісінде қайталанып отыратын таныс жұмыстар.

Осындай дағдылы текспен жүргізілген жұмыс барысынан кейін сабақтың қорытындысы тұсында, мұғалім ханның уәзірлер сөзіне еруін, Жаманмен арадағы қатынасын айта келіп, Абайдың «Сөзіне қарай кісіні ал, кісіге қарап сөз алма» деген афоризмін хан, уәзір, Жаман арасындағы оқиғамен қалай байланыстыруға болар еді дегенді оқушылардан сұраса, мұның өзі – біріншіден, ақын афоризмін білдірудің жолы, екіншіден, оқушыларға ханның қылығына, оған уәзірлер көрсеткен қастандыққа осы сөздер арқылы баға беруге мүмкіндік туады.

Міне, осыдан кейін мұғалім балаларға Абайда бұл сипаттас нақыл сөздер көп екенін айта отырып, ақынның: «Жаман тату қазады өзіңе ор, оған сенсең бір күні боласың қор», «Құйрығы шаян, беті адам, байқамай сенбе құрбыға», «Досыңа достық – қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол», «Қолдан достық жасап ем болар-болмас, ит мұрындай наданның жыртты бірі» деген афоризмдерін сабаққа байланыстыра («Сөзіне қарай кісіні ал, кісіге қарап сөз алма» афоризмін байланыстырған үлгіде) бірер сөзбен түсіндірсе, барынша орынды болмақ. Бұдан кейін Абайдың осы афоризмдерін кірістіре отырып хан, уәзір және Жаманға мінездеме жазып келіндер деген тапсырма берсе, тіпті жақсы болар еді.

Әрине, Абайдың өз өлеңдерін өткен орайда одан афоризмдерді бөліп керсету, таныту, онымен жұмыс жүргізу – мұғалімдер шеберлігіне тиетін үлес. Мысалы, ақынның VI класта өтілетін «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінде нақыл сөз (афоризм) үлгісіндегі өлең жолдары едәуір. Мұғалім өлеңнің мазмұнын түсіндіргеннен кейін, сабақтың бір бөлегін, әрине, текспен жұмыс жүргізуге арнайды. Бұған дейін Абай нақыл сөздері өзге бір шығармалардың мазмұнын ашуға, белгілі бір пікірді түсінуге көмектессе, енді сондай қажеттікке жарайтын жолдарды, афоризм-

дерді, мұғалімнің де, оқушылардың да нақты осы өлеңнің өзінен табуына, өлеңнің мазмұнын ашу үшін пайдалануына тура келеді. Бұл өлең мұғалімнің екінші бір іске, яғни, оқушыларды белгілі бір шығармадан пікір, ой түйіні бар сөйлемдерді табуға үйретуіне көмекші болады.

Әдетте, шығармадан образды ашуға, жазушының идеясын ашуға көмектесетін үзінділерді бөліп алып, осы үзінділерді оқушыларға сөйлеттіруді дағдысына айналдыру бағытындағы жұмыстар біздің мектептерде аз жүргізіледі.

Мұғалім оқушылардан өлең жолдарынан немесе тұтас шығармадан белгілі бір қорытындыланған ойды білдіретін, жеке айтуға келетін, осылай жеке айтқанда тиянақты бір пікірді білдіріп, ары қарай мағынасын аша, тереңдете баяндауға келетін жолдарды табуды талап етеді. Мұндай тәжірибеге өлеңнің алғашқы төрт жолы да жетіп жатыр:

Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай баптанба,  
Құмарланып шаттанба,  
Ойнап босқа күлуге, –

деген жолдардан:

Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай баптанба, –

деген екі жолды ғана алып, жеке айтқызып көрсе және де осы екі жолды ғана бөлек қолданса, жеке айтуға болатынын түсіндірсе, осы жолдарда қандай мағына жатқандығын айтып берсе, жетіп жатыр. Қалған жұмыс үйге тапсырмаға беріліп, өлеңде осындай бөліп алуға келетін тағы да бірнеше нақыл сөз бар екені ескертілсе, ол сөздерді тауып, «Өнеге сөздерге» арналған дәптерлеріне жазып келу талап етілсе жөн-ақ.

Үлгіге:

Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай баптанба,

Дүние де – өзі, мал да – өзі,  
Ғылымға көңіл берсеңіз, –

деген жолдарға класта, мұғалімнің өзі көмектесе отырып, түсіндірме жаздырғаны мақұл.

Бұдан оқушылар Абай өлеңдерінен оның нақыл сөздерін тануды, табуды үйренеді.

Осы әдісті ақынның VII класта өтілетін «Интернатта оқып жүр», «Әсемпаз болма әрнеге» деген өлеңдерін өткенде де қолдануға болады.

Абайдың көбіне нақыл сөздер боп келетін қара сөздерінің біразы IX класта оқытылады. Тіпті «Отыз бір» және «Отыз жетінші сөздері» тек қана афоризмдерде тұрады. Бұл қара сөздердің қай-қайсысы болса да, оқушылардың ұғымына ауыр. Сондықтан да олар терең талдауды керек етеді.

«Отызбірінші сөзін» алайық: «Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибратлану (үлгі алу.– Қ.Ө.) керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болуы керек. Егер ой кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, әр бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер».

Мұнда психолог-педагогтың ғылыми мәні зор мазмұнды пікірі тұжырымдалған. Әр сөйлемге терең де әр жақты түсініктеме керек.

«Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек...»

«Көкірегі байлаулы берік болмақ керек» дегенде Абай адамның естіген нәрсеге деген назар бөлуінің тұрақтылығын, беріктігін, алаңсыздығын айтып отыр. Алаң көңілдену – адам назарының әр жаққа аударылуына себепші болады. Назарың әр жаққа аударылып отырған кезде, айтылған нәрсені жадына сақтау былай тұрсын, есітпей де қаласың.

Әрине, назар бөлудің жалғыз өзі жеткіліксіз. Ол үшін керекті екінші нәрсе – «Сол нәрсені естігенде, көргенде ғибрәтлану; көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу». Адам есіткен я көрген нәрсесін сезінуі керек, танып, мағынасына, қасиетіне, артықшылығына көз жіберіп, көңіл тоқтатып, мейірлене ықылас-ынта қоюы керек, тұшынып сүйсінуі керек.

Сүйсіне, қызыға, ынтыға естіп я көрмейінше, естіген я көрген нәрсең көңіліңе ұяламайды. Демек, ұмытпастықтың екінші шарты – ол нәрсенің көңілге ұялауы.

Енді осы көңілге ұялағанның ұзақ болуы үшін, оның көңілден қайыра ұшып, ұмытылып кетпеуі үшін, үшінші бір нәрсе – «Естіген я көрген нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту». Яғни, естігенді уақыт өткізіп барып, ауық-ауық ойлап, жиі еске қайыра салып отыру керек. Әрине, ауық-ауық ойлап, қайыра жиі еске салып отыруы үшін адамның ойы бір бағытта болуы керек. Естігенінді я көргенінді тарс естен шығаратындай, ой топастандыратындай кеселді өзге нәрселерді бойға үйір қылмау керек. Адам кейде пайдасыз нәрселермен ойды матап, байлап, тұншықтырып тастайды. «Олар: уайымсыздық, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу».

Адамға саналы, пайдалы уайым керек. Ол – ертең мынандай істерім бар-ау, соны орындау керек-ау, орындау қажет-ау деп қам жей уайымдау. Мұндай уайымды Абай: «Уайым – ер қорғаны, есі барлық», – дейді. Бұл – пайдалы уайым. Керісінше, осы уайымның да зиянды болатын бір жағы бар. Ол – «ертең мынандай істерім бар-ау» дегенді тек қана айтып, соны уайымдап, бірақ сол іске қол ұрмау, тіпті сол іске қолы тимегенін уайымдап қана тыну. Бұл «уайым» – кеселді уайым. Сол үшін де ұлы ағартушы «Әрбір орынды hareketтің өзі де уайым-қайғыны азайтады. Уайым-қайғыңды орынсыз күлкімен азайтпа, орынды hareketпен азайт», – деген. Мұның асқынған түрі: енді ол істі орындатуға өзіне еркі жетпейтін болған соң уайым келтіретін істі, одан туар уайымды ұмыту үшін, адам қайдағы жоқ пайдасыз істерге көңілін алаң етеді. Мұның аты – уайымсыздық. Міне, бұлар баяғы естіген я көрген пайдалы нәрселерді сөзсіз ұмыттырады.

Қайғыға салыну да осы сияқты. Адам мәңгі қайғымен калмақ емес. Тіпті орынды қайғының да ұмыт болатын кезі болады. Бірақ адам осы орынды деген қайғының өзіне беріле салынып, соны күйтесе, бұл оның өзіне зиян. Адам пайдалы істен қалады.

Бір нәрсеге құмарлық пайда болу дегеніміз – бір жеке-дара нәрсені: әдейі құшшы, тазышы болуды күйттеу, ойынның бір түріне: картаға, асыққа, танцыға салыну, той-думан, сауықшыл болу, тек қана театршыл, киношыл болу т.с.с. бір ғана нәрсенің соңына беріле түсу. Бұлар көп қайталана берген соң әдетке айналады. Әдетке айналған жағымсыз нәрсені жеңу – өте қиын іс. Жаман әдет адамның өзін жұтып қояды. Бір кездегі, ақыл, ғылым қуған кезіндегі жақсы сипатынды жойып жібереді. Сол үшін де Абай:

Үш-төрт жылғы әдетің –  
Өзіңе болар жендетің, –

деген.

Мұғалім бұл «Отыз бірінші сөзді» түсіндіргеннен кейін, ақынның мына төмендегі нақыл сөздерін оқушыларға үйден талдап келуге берсе, «Отыз бірінші сөздегі» пікірді әр жақты толықтырып түсінер еді.

«Егер естілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен-өзің есеп ал».

«Адамға ғылым-білімді көбейтуге екі қару керек: бірі – пікірлеспек, екіншісі – берік сақтау», «Жастықта бір күлгенің – бір қаралық, Күлкі баққан бір көрер бейшаралық», «Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды», «Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер, өз күлкіңе өзің қарық болма бекер», «Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе, Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе. Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып, Салпылдап сағым қуған бойына еп пе?», «Тез үйреніп, тез жойма, Жас уақытта өмір – гүл», «Тұрлаусыздың қолынан не келеді, Ынтасыз қайтіп өнер үйренеді», т.б.

Сол сияқты нақыл сөздерді пайдалана отырып, «Отыз бірінші сөзге» байланысты талдау-мақала жазып келуді де оқушыларға

тапсыруға болады. Сонда оқушылар әрі Абай сөзін толық түсінеді, әрі осы нақыл сөздерден ғибрәт алады.

Ұлы ағартушының нақыл сөздерін тәрбие сабақтарында немесе сабақ үстінде білім мен тәрбиені ұштастырар сәттерде әрбір пән мұғалімдерінің молынан пайдалануы қажет-ақ. Мұғалімдер мен тәрбиешілердің ақын сөздерін осы мақсатта пайдалануын жеңілдету үшін, олар (нақыл сөздер) төменде осы бөлімнен кейін тақырып-тақырыпқа бөлініп берілген.

Әрине, ағартушы ақынның педагогикалық мәні зор нақыл сөздерін тәрбие сағаттарында пайдалану – тәрбиеші-ұстаздардың шеберлігіне байланысты нәрсе. Және бұл сөздерді керекке жарату, көмекке алу сәті, орны алуан түрлі. Әрі Абай афоризмдері тақырып-тақырыбына қарай бөлінгенімен, мәні әр жақты талданбаған соң, ағартушының осы тақырыптарға қатысты пікірлері, көзқарастары толық көрінбейді. Сондықтан да бұл еңбекте ағартушы ақынның кейбір нақыл сөздеріне ғана талдау жасай отырып, олардың мәнін ашуды міндетімізге алдық. Осы арқылы оқыту, тәрбие сағаттарында Абай нақыл сөздеріне қай тұрғыдан қарау арқылы пайдаланған мақұл дегенге жауап берерлік үлгіде ғана талдау жолы көрсетілді. Себебі әрбір тәрбиеші-ұстаз «Абай қазақты оқу-білімге үгіттеген, жастарға: «Әсемпаз болма әрнеге, өнерпаз болсаң арқалан», – деген әсемпаздық қадір кетіретін нәрсе, өз шамаларынан асатын киім кию әсемпаздық», – дегенді айтумен тынса, онда ол тәрбиеші Абай афоризмдеріне қатысты нәрсенің бір-ақ жағын қамтиды. Ол тек Абай сөзін үлгіге ұсынумен ғана тынады. Сондықтан нақыл сөздерді әр тәрбиеші-ұстаздың қай тұстан, қалай түсіндіруді қалауын өз үлесіне қалдырсақ дейміз.

Ал ағартушы сөзін үлгіге ұсынумен тынудан басқа, мәселенің екінші, ең негізгі, жағы афоризмдердің (нақыл сөздердің) мәнін, мазмұнын ашу арқылы оқушылардың білімін көтеру, дүние танымын қалыптастыру, осы арқылы тәрбие беру сияқты негізгі нәрсе сөзсіз тоқталуды керек етеді. Және әрбір тәрбиеші-ұстаздың негізгі міндетінің өзі де Абай афоризмдерінің керекті осы екі жағын – оны үлгіге алу әрі таныту жағын – қатар іске асыру.

Ұлы ағартушы шығармаларындағы өзекті тақырыптың бірі – халқын өнер-білімге шақыру. Осы жолда ағартушы ақын қаламынан өнер-білімге қатысты мол афоризм (нақыл сөз) туған.

Ақынның бұл өнер-білім жайлы афоризмдері үлкен философиялық түйіндеулерге бай. Олардың оқушылар дүние танымын, өмір тануын қалыптастыруда қызметі барынша мол. Мысалы:

«...Ғылым бағу. Жоқ, ғылым бағарға да, ғылым сөзін сөйлерге де адам жоқ; білгенінді кімге үйретесің, білмегенінді кімнен сұрарсың. Елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, қолыңа кез алып отырғаныңның не пайдасы бар?» – деді Абай. Сонау дүниенің қараңғы төрінде күнделікті тіршілік қамы, жазғы мал өрісі – жайлау үшін, қысқы мал тебіні – қыстау – ықтасын үшін, осы екі қамға тоғысар ел талау құралы – надан, содыр билік-мансап үшін алыс-жұлыспен жүрген; дау-шар, партия, бодау-барымта, ұрлық-зорлық негізгі әрекет – кәсіп болған: ғылымнан ада болашақ жайы туралы саналы ойдан махрұм жұртта жасаған» [1, 33] осы жасау анық трагедия болған, өздеріне ұқтыра алмаған, өзін ұғындыра алмаған жанның ащы іздері осылай басталады.

Екі жүз түйе жүк екен  
Ділдәсі мен жамбысы,  
Мың түйе жүк тағы да  
Қант пенен шайы бар.  
Аяқты малға есеп жоқ,  
Айдалып барып жайылар,–

деп, «Қыз Жібек» дастанында айтылғандай, бары аяқты малы болған, түйе жүгіндей салтанаты мақтан болған немесе «Айдаған тоқсан мыңды бай болса да, үйінде сілкіп киер шапаны жоқ» деп, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастанында айтылғандай, күллі әлем қазынасынан тоннан артық қымбаты болмаған ел Абайға – алған білімі арқасында мәдениеті ілгері Россия, Европа жұрты деңгейінен қараған Абайға – елсіз-күнсіз көрінуі толық заңды да еді.

Ұлы ақын:

Осы күнде осы елде дәнеме жоқ,  
Мейір қанып, мәз болып қуанарлық,–

дегенді де осынау заманы озық жұрт қасында қазақтың күйттеп жүрген тіршілік мақтанышы түк еместігін, малдана қояр, үміт артып, көңілге медеу, шүкіршілік етер, болашағы ілгері нышан жоқтығын тебірене ойлап барып айтқан болатын.

Әрине, Абай «білгенімді кімге үйретейінмен» қалған жоқ. Қазақ даласының соншалық артта қалғандығы – надандығы, «надандық – ғылым-білімнің жоқтығы», – деп осы надандықпен күреске түсті. Мұны өзінің алдына үлкен программа, зор мақсат етіп қойды. «Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ, Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ», – деген афоризм осы жолда туған.

Егер біз оқушыларға тілді, екінші бір халықтың тілін, білу қажеттігін айтқанда, жалаң «Абай осылай деген» дей салсақ, ол құрғақ дидактика болар еді. Бұл тұста біз Абай тіл білудің керектігін айтқанда нені ескерді дегенге баса көңіл бөліп, өзіміздің оқушыға айтпағымызды сол жүйеден, сол тұрғыдан келіп айтуымыз қажет.

Абайдың «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген афоризмі білім – өнердің кілті, өнер – өмір, мағыналы өмір деген пікірді айтады. Ақын қазақтың бұл күнге дейінгі ғылымсыз тіршілігін санатқа қоспай «Ғылымсыз дүние жоқ», – деген берік байлам жасайды.

Халықтың мақалдарында өнер туралы, мал туралы, малға адам қатынасы т.б. туралы жалаң айту ғана бар. Олардың өнерлісі: етікші, үйші, зергерші. Абай қазақтың осы өнер иелері туралы: «Қолындағы аз-мұзына мақтанып, осы да болады деп, баяғы қазақтың талапсыздығына тартып жатып алады... Бір-екі қара тапса, малға бөккен кісімсіп «Маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншектік, жалқау, салғырттық, кербездікке салынады» («Отыз үшінші сөз»), – дегені анық. Абай нақыл сөздері өнер-білімді күрделі мақсат үшін үйрену керектігін, жеке болымсыз себептер үшін үйрену ұзаққа бармайтынын аңғартып отырады: «Білім-ғылымды бір нәрсеге себеп қана үшін үйренсең, білімге деген көңіліңнің мейірімі асырап алған шешенің мейірімі сияқты болады», «Шала мейір шала байқайды», «Біреу үшін үйренсең, біреу білмес, сен білсең, – білгеніңнің бәрі – тұл», т.б.

Оқушылармен жүргізілер тәрбие жұмыстарында, білім беруде ақыннан ұстаздарға үйренер тағы бір нәрсе бар. Абай – зор психолог-педагог. Ол өнер-ғылымды жалаң үгіттеп қою жеткіліксіздігін, әрқашан ескеріп, кісінің бойындағы өнер-ғылым игеруге бастайтын қасиеттеріне дейін үңіліп, соны көрсетеді. Кісі өз бойында әуелі сондай-сондай қасиеттерін танып, соны баулып, саналы дағды алуы керектігін ескертеді. Өнер-білімге деген ынтыққа кісі өз бойындағы осы сезім қасиеттерін баулу арқасында ғана жететіндігі оның өнегелі сөздерінде айқын көрінеді. «Әрбір құмарлықтың өзі – бір дерт. Әрбір нәрсеге қызықпақтық бойға құмарлық пайда қылады», – дейді. Бұл – данышпандық нақыл сөз: әуелі кісі қызығуы керек, қызығу–құмарлықты қоздырады, саналы құмарлық – бір нәрсеге өкси берілу,– дегенді айтады. Абайдың қазақ ұғымына лайықтап алған «дерті» – қажеттік-құштарлық, саналы творчестволық ынталық. Саналы құмарлық – кісіге жүк артады, міндеттілік туғызады; міндеттілік – кісіні борышты етеді. Борыштылық – кісіні еңбекке жүктейді. Еңбек – ғылым мен өнерге бастайтын құдірет күші. Адам осы күш жетегіне беріле ергенде өзгеше бір шабыт табады. «Қызықты нәрсені іздеген кезің – өміріңнің ең қызықты шағы».

Халық мақалдарында да надандық туралы ұғымдар бар. Бірақ халық: «Көңілі соқырдың – көзі соқыр», – дегенде, ғылымнан гөрі біліксіздікті, зердесіздікті айтып отыр. Ол – оқумен келетін ғылымнан махрұмдық емес, тоқумен құралар біліктен ада топастық, сарайсыз көкірек, санасыз кеуде. Қазақтың надан емесі, көкірегі ашығы – зерделі кісі. Абай болса, надандықты ғылымсыздықпен өлшегендіктен, қазақтың білікті, зерделі дегендеріне де осы биіктен кеп баға береді: «Оқыған білген – білген-ақ, надан – надан-ақ сан қылса», – деген афоризмі осындай түсінік тұрғысынан айтылған деуге болады.

Еңбекке үндеу – ақынның ең сүйікті тақырыбы. Оның өлеңдері сияқты афоризмдері (еңбек туралы нақыл сөздері) де өз халқын болашақ жарқын тіршілікке бастайтын еңбек туралы насихатқа толы.

Абайға дейінгі әдебиетте де еңбек туралы айтылған, бірақ оларда еңбекті, оның өз мағынасын ашарлық дәрежеде дәл айтып

бере алған емес. Өйткені «еңбек» дегеннің мағынасы қазақ халқына дәл Абай үндеген сипатта естілген емес. Ол «бейнет» мағынасында, «азап», «сор», т. б. мағынасында қолданылды. Сондықтан да халық оны дұрыс түсіне алмады, еңбекті бағалайтын нағыз шын мәніндегі өнегелі сөздерді жасай алмады.

Мұнда толық заңдылық бар-ды. Жалпы еңбек қазақ халқына, бұқара қауымға ерте келгенмен, еңбек игілігіне өздері толық ие бола алмады және еңбектің түрі өте тар көлемде болды. Бұқара халық үстем тап өкілдеріне жасаған қызметінің азабын ғана көре алды. Еңбек атаулыға осы көрген бейнет-азабы тұрғысынан баға берді.

Халықтың «Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды», «Қарманған қарап қалмайды», «Ер еңбегіне бір тойсын», «Жүрген аяққа жөргем ілінеді», «Ер азығы мен бөрі азығы – жолда», «Жол қуған қазынаға жолығады», «Бейнеттің түбі – рақат» деп келетін мақалдары өте жалпылама мағынада айтылған. Ал іштей өте тар өрісті. Осындағы «Ер еңбегіне бір тойсын», «Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды» деген ақиқат, дәл прогрессивті мақал болса да, ер ісін, еңбек адамының ісін, еңбектің өзін үндеуден әлі алыс жатыр. Күндігімен күн өткізген, болмашыны үнем еткен әрекет иесін, сол әрекеттің өзін мақтау ғана.

Абай бұл тұста өте ілгері кетті. Ол: «Қарның ашса, қаралы үйге шап», «Өзінде жоқ болса, әкең де жат», «Жарлы болсаң, арлы болма» сияқты қазақтың харекетсіз, керенаулығынан туған мақалдарын сынай отырып, еңбек – адамдық, адамға берілген артықшылық екенін, адамның адамдығының өзі осы еңбекте жатқандығын насихаттады. Адамды еңбексіздік аздырады. Оқушы жастарға «Сен жалқаусың, сен тәртіпсізсің, – ол жарамайды» деген сияқты сұрықсыз, бос насихат әсер етпейді. Оларға жалқаулық неден туады, жаманшылықтың қоздырғыштары не дегенді айтып, осы жаман қылықтардың туу себептері мен онымен күресу амалдарын нақтылы мысал келтіре отырып әсер ету дұрыс болар.

Абай: «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретін себебі – жұмысының жоқтығы», «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық – аздырар адам баласын», – дейді. Үлкен саналы мақсат, ұқсауға

еліктеу жетелемеген кезде адам ақыл тізгінінен айрылып қалады. Жан рақатын, сезім тәбетін күйттейтін тоғышарлық ілгері шығады. Тоғышарлық – бар қылмыстың басы. Ал тоғышар мінез тапқан барша ауруды еңбек қана айықтырады. Сонау бір кезде еңбектің бүгінгі түрлерінің жоқтығынан қазақтың қолы еріксіз байлаулы болды. Ал жұрт та осыған дағдыланды. Бұл өзі қалыпты нәрседей көрінді. Әрі ол бертін келе өзіне сәйкестенген жағымсыз мінездерді де туғызған. Олар: «адам аулау, сыпыра саулау», «қулық сауу», «ел кезіп», «тамақ аңдып салақтау», «қымыз аңду», «ұрлық қылу» т.б. Абай осы мінездерді қатты сынға алды: «Еңбексіз мал дәмепек – қайыршылық», «Тоқ – тіленші адамның сайтаны», «Ұрлық, сұмдық, қулықпен мал жиылмас, қу нәпсің үйір болса, тез тыйылмас», «Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, қардың суы секілді тез суалар». Еңбексіздік – бойға қорлық қана емес, өміріңнің өзі де бір баянсыз, болымсыз, берекесіз күйге келеді. Мұндай күйге түскен адам – дүниеде жоқпен тең. Тіпті бұл мін асқынған шақта дүниеде барлығыңнан жұрт қана емес, өзің де безініп, санаң селт етіп оянған шақта өзіңе деген жек көруінде шек болмайды. Өзің бір қор адам боласың. «Еріншектік – күллі дүниенің дұшпаны», – дейді ұлы ақын.

Өзге көп «үйрен!» сияқты «өнер үйренді» айтушы да, еңбек пен өнерді бір алып бағалаушы да Абай болды. «Мал керек болса – өнер үйрен», «Өнер өзі де мал, өнерді үйренбек – ихсан» деп, еңбекті ғана емес, еңбекті жеңілдететін нәтижелі, күрделі ететін өнерді уағыздады. Ал өнер қайтсе қолға түседі. Ол үшін ғылым керек. Бұл ғылым, әрине, ол кезде қазақ топырағында жоқ еді.

Абайдың сондағы еңбектің көзі еткен ғылымы орыс халқының ғылымы болды: «Орыстың ғылымы – өнер, дүниенің кілті». Абай ғылымды еңбексіздіктен құтқарар, еңбекті қолға ұстатар қару деп білді.

Мұғалім оқушыларға Абайдың еңбек пен ғылымды насихаттауын айтқан кезде оны осындай байланыстылық тұрғысынан, бұл екеуіне Абай беріп отырған қоғамдық мән тұрғысынан келіп сөз етулері керек.

Абай үлкен психолог ретінде еңбектің адамның ішкі дүниесін тәртіптеуші құдірет иесі екеніне шейін айтып берді. Ақын

айтуынша, еңбек мінездің де емшісі. Бойдағы бар қасіретті еңбек қана жаза алады, жоя алады. Қайғы да еңбекке тәуелді. «Әрбір орынды характер өзі де уайым-қайғыны азайтады». «Уайым-қайғыны орынсыз күлкімен азайтпа, орынды характерпен азайт», – дейді. Әрине, уайымсыздық – бейғамдық. Абай осы бейғамдықты жою үшін уайым-қайғының аса қажет екенін айта келіп: «Уайым-қайғысыздығыңа уайым-қайғы қылдағы, сол уайым-қайғысыздықтан құтыларлық орынды характер табу керек», – дейді. Мұндай қасиет жағынан еңбек – уайымнан да, уайымсыздықтан да құтқарушы күш.

Жалпы тәрбие мектебінің көп түрлері бар дейміз. Мысалы, жоғарыда айтылған еңбекке, білімге т.б. тәрбиелеу мектебіне негіз болатын – адамгершілік тәрбиесі. Өмірдің адам баласына берер әр алуан тәрбиесін бағалауда адамгершілік тұрғысынан келіп бағалау бірінші кезекте тұрмақ, жетекші болмақ. Өмірде адам баласы тәрбие мектебінің әр түріне қарай не мансап иесі болуы, ғалым я бір істе маман болуы, ақын я жазушы болуы мүмкін, бірақ оның адамдық қалпын, адамгершілік рухын, ішкі дүниесін бұл мансаптармен өлшеуге болмайды. Адамгершілік сапа – адамдыққа баға берудің өлшем-таразысы. Адамгершілік сапа – сол адамға баға беруде оның өз бойындағы көрсеткіш – маятнигі болмақ.

Қоғамда өз ісінің жақсы шебері ғана болу – сол адамның өз ортасына борышқорлығын түгел ақтай алмақ емес. Өзін мүшесі болып отырған қоғамның негізгі түпкі талабынан өзінді бөліп алғысыз ету, онымен біртума жағдайда болу үшін, сыртқы іс-әрекетінді ғана емес, ең бастысы ішкі рухани дүниенді бірінші кезекке қой.

Қоғам талабына қажетті қасиетінді осы ішкі рухани азығыңнан ізде. Егер ол қасиет бойыңда бар болса, іс-әрекетіңнің қос тізгінін соған ұстат. Өйтпейінше, қоғамға көп пайда келтіруге мүмкіндігі бар іс-әрекеттеріңнің сол дәрежеде зияны да бірге туады. Жалаң күйінде білім, еңбек, қызмет т.б. адамның күнделікті тіршілігі үшін тапқан тәсілі – тіршілік құралы, тек қана тіршілік құралы. Өйткені күнделікті өмірде кездесер қиындық, ауыртпалық, өмірдің сан түрлі кездейсоқ кедергілері, керісінше,

көкке көтерер мадақтауы, рақат жұмағы т.б. қарсаңында адам баласы жоғарғы күйде болса, шайқалмай қалмақ емес. Бұл сан алуан кездейсоқтар (мұның өзі өмірде болып отыратын заңды кездейсоқ) тұсында адамды бұзбай, адам күйінде ұстап қалар қуат-құдіреті – ішкі рухани азығының молдығы.

Міне, адамгершіліктің осы қасиеті үшін Абай афоризмдері адам қоғамымен бірге жасайтын адамгершілік қағидаларының бұзылмас кодексінің негіздері боп саналады. Жастардың рухани дүниесін тәрбиелеуде ақынның бұл афоризмдерінің көмегінде шек жоқ екенін тәрбиеші-мұғалім ескеруі керек іс.

«Адамшылықтың алды – махаббат, әділет, сезім». Абайда бұл үшеуі бірлікте, олар жеке-жеке күйінде жарамсыз. «Әділет – ізгіліктің анасы», «Кімде әділет жоқ болса, оның ұяты да жоқ». Ал ұят жоқ жерде, туыстық, бауырмалдыққа, махаббатқа орын жоқ. Себебі ұят жоқтық барша адамгершілік қарыздарлық нормаларына сенімді жоғалтады: «Кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы (нанымы. – Қ.Ө.) жоқ».

Адамды ұят келтіретін барша жөнсіз істерден сырт ұстайтын, оған жібермейтін күш – адамның өз бойындағы ұстамдылық. Бұл болмаса, ақыл қанша сезініп тұрғанмен, адам баласы ұят келтіретін қылықтан құр болмайды. Әрине, ұятты сезінуге ақыл керек, егер ақылдың көзін қайратсыздық, әділетсіздік, жігерсіздік, байлаусыздық бүркесе, ақылды кісінің де адамшылығы бұзылады. Сол үшін де Абай: «Адам баласының көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады», – дейді.

Адамгершіліктің бір сипаты – достық. Адам баласымен дос бола білу. «Адам баласына дұшпандық адам баласынан айырады», «Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені».

Бұл өнеге – біздің қоғамның, тұтас адам баласын бастап баратын қоғамның, ұзақ көш жолында бірге жасар адамгершілік ілімі, статьясы. Бұл өнеге адамдардың ұлтын, дінін, әдет-ғұрпын т.б. тандамайды. Өйткені бүкіл адам баласы үшін ең негізгі керегі – адамға адамның достығы. «Адам баласына адам баласының бәрі – дос», «Кімге достығың болса, достық достық шақырады». «Тіршілікте, өсіп-өну жолында адамның талап

қылып ізденер қарызды ісінің алды – дос көбейтпек». Ал бұл үшін адам баласының жүрегінде адамға деген ізгі тілек жатуы керек: «Жүрегі жұмсақ білген құл шын дос таппай тыншымас». Өмірде бірінші керекті нәрсе осы болмақ. Жоғарыда біз айтқан дәреже, мансап, дәулет, қызмет т.б. нәрселер мұнсыз жалған. Тек мақтанның, пайданың, құлқынның қызметшісі болмақ. Сол үшін де Абай: «Пайда, мақтан бәрі – тұл, доссыз ауыз тұшымас», «Махаббатсыз – дүние бос, хайуанға оны қосыңдар», – дейді.

Достық жалпы адам баласына ортақ мүддеге борыштылықтан келіп туады. Осы борыштылықтың екінші жағы – жеке бір адамның достығына достық шақырудың парызыдылығы. Бұл парыз (борыш) екінші адамның өзіне жасаған достығына махаббат қылмағында: «Кім сені сүйсе, оны сүймектік қарыз», «Кім өзіңе махаббат қылса, сенің де оған махаббат қылмағың – қарыз». Міне, Абай афоризмдеріндегі адамгершіліктің бұзылмас, тозбас қағидалары осыны айтады.

Сүйіспеншілік адамгершіліктің бір сипаты болған себепті де, Абай адам баласының бұл жолда жаңылыс, жаңсақ баспауы үшін көп қам жеген. Бұл жолда жаңсақ басу адамгершілікке ақау ғана түсірмей, оны жойып та жіберетінін тереңнен түйген ұлы ақын шынайы махаббатты жырлай отырып, үлгіге ұсына отырып, адам баласы басында кездесер тұтас трагедияға сабақ болар ой түйінін, афоризмдік сөз келісімін жасады. Абай:

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,  
Лапылдап көрсе қызар нәпсіге ерме.  
Әйел сұлу болмайды көркіменен,  
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме, –

дейді.

Дәл осы сөзде махаббат ісінің бар кіріспесі және аяқтауы жатыр, іштей ақылмен өрбітіп, әрбір түйін ұшын ұстап білуге мүмкіндік жасар дәрежеге құрылған сөз кестесі. Ақын осы бір афоризмді әрі тереңнен аша түсіп, әрі дамытып: «Ғашықтық құмарлықпен ол – екі жол, Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол», – дейді.

Нәпсінің құлы – құмарлық: Бұл – өмірде өзі тілеп, қолдан жасаған, өз бақытсыздығын өзгеден көрген жеңіл сезім дертінің иелері.

Абай афоризмдері жастарды осыдан сақтандырады. «Көрсен қызар күнде ашық – диуаналық» деп, «махаббат серілерінің» карикатуралық картинасын жасайды. Жастарды сезімді ақылға жеңдіруге меңзейді.

Махаббат достық қылуға,  
Кім де болса тең емес.  
Қазір дайын тұруға  
Бес күндік ғашық жөн емес, –

деп ескерту жасайды. Егер мұғалім балаларға жалаң «тыю» өкімін жүргізбей, сүйіспеншілік мәселесін Абайша достықпен байланыстырса, мұның өзін адамның адамгершілік сапаларын белгілейтін бір белгі ретінде танытуды мақсат етсе, онда тәрбие жұмысында тағы бір ізгі іс жасалып, жас өспірімдер бойына адамгершілік қасиеттің тағы бір түрі егілгені, ішкі рухани дүниенің тағы бір шынайы қасиетпен толыққаны болмақ.

Ұлы ақынның мінез-құлық туралы нақыл сөздері (афоризмдері) де – ғибрат алатын ақыл.

Абай қазақтың «Сүтпен біткен сүйекпен кетеді» деген мақалына қарсы: «Адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», – деген афоризмін дүниеге әкелді.

Адамның мінез-құлықтары айналасының әсер-ықпалымен туып қалыптасады. Адамның айналасы – өзінің айнасы. Сондықтан да тәрбие жалаң, дара кісіге жүргізілмей, мін иесін топтап бөліп қарамай, мінге, сол мінді туғызушыға оның өзін қоршаған айналасымен бірлікте қарау керек. Сонда бір кісі тапқан оғаш мінез жұрттың ортағы бар нәрседей сезіледі де, «коллективтік» ат алады. Коллективтің жауапкершілігіндегі істей сезіледі. Міне, мұның өзімен-ақ әлгі оғаш мінез елеусіз түрде тәрбие талқысына түсіп те үлгіреді. Ақынның «Кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват», – деген афоризмінде осындайлық зор педагогтік пікір жатыр.

Мінезге замандас қана емес, заман да ортақ. Заман өзгеруімен мінез де өзгеріп отырады. Адам өзінің бойында бар барша ерекшеліктері үшін уақытқа қарыздар.

Өркімді заман сүйремек,  
Заманды қай жан билемек,  
Заманға жаман күйлемек,  
Заман оны илемек, –

деген афоризмде ақын осыны айтып отыр. Мен айтып отырған, жақсылық деп қошталып, үлгіге ұсынып отырған керектер – мына туып келе жатқан жана заманның керектері, мен айтсам, заманның өзіне лайығын айтып, соны саған ұсынып отырмын, білсең, сенде оған қарсы тұрар күш жоқ дегенді меңзейді. Ақын мұнымен адамдардың түсінігіне, дүние танымына ықпал етіп отыр. Ол ғана емес, ақын қазақтың көп жаман қылықты «Көппен көрген ұлы тоймен» жуып-шаятын мінезіне, әлсіздігін көпке теліп, өз басынан асырып, итере салма, «көппен ортақтығын», «Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас» деп, жақсылық атаулыдан өзге көптің ыңғай-қалпы үшін бас тартардай көрінетін қылығына – өз әлсіздігінен туған жалған «қауымшылдығына», сөйтіп, өздігінен бастап барып табар жана әрекет атаулыдан құр алақан, сал бөксе, жалқау да самарқау ойлылығына қатты сын айтады.

Тіпті Абай, көп қана емес, ақсақал айттымен, бай айттымен, әке айттымен өзінше ой жүгіртусіз құр сенгіштігі тапқан дарақы ақ көңілділік мінезді, әділетсіз жақыншылықты сынайды.

Жақынның сөзі тәтті деп,  
Жақыным айтты дей керме.  
Надандықпен кім айтса,  
Ондай түпсіз сезге ерме, –

деген.

Абай «Алдыңғы ата, әке буындарының мінезіндегі боямалық, жалған татулық, қиянаткерлік атаулыдан сол аталардың нәсілдерін сақтандыра» (М. Әуезов) отырып, «адамгершілік, адалдық мінездерді жол етіп» ұсынды. Өйткені бұл жағымсыз мінез-құлық-

тарды ақыл, өнер-білім, адамгершілік атаулының жауы деп білді. «Мінез – ақыл мен ғылымның сақтаушы сауыты». Адам баласы көрсеқызарлықпен, жеңілтектікпен кез келген қызыққа шайқала берсе, осы мінез беріктігі – ақыл сауыты бұзылады.

Абай сол мінез беріктігін бұзар көп қылықтың бірі деп күлкіні айтады. Күлкі – адам баласы жастығында елп еткен нәрсеге үйірліп келе беретін талғаусыз сезім тілі ғой. Есейген шақта күлкі – тәтті қылықтың назды әуені, ішкі жан дүниенді толқытқан нәрсені өзінің бүкпесіз елти қошеметтеуің; риясыз, ашық, адал көңілдің, жан сезімінің, мейірімділік пен сүйіспеншіліктің жүзге шыққан шұғыласы.

Екі кезеңге де керек осы күлкі шек тілейді. Соңғы кезеңде адамды күлкі жеңсе – ессіздігі, алғашқыда күлкі жеңсе – осы ессіздікке бет алғаны. Сол үшін де ақын жастарға күл, шаттан, қызықта, бірақ «Әр нәрсенің өлшемі бар, асса жарамайды», сол сияқты күлкіге де шек бар, шегінен асса, онда күлкі адам мінезінің көлеңке жағы дегенді меңзейді. «Күлкіге салынған кісі не шаруадан, не ақылдан, не бір ұят келетін істен ғафил көп өткізіп отырса керек».

Ақын айтып отырған бұл күлкі – еңбектен, ғылымнан аулақ жастың ісі. Ақын ондай жасты қатты сынайды: «Күлдіргіштеу, күлкішіл, қалжыңға ұста кезеген ит тымақ көп біздің тұста». Еңбексіз қымыз аңдып, қызық аңдып, ат арытып, тон тоздырып жүрген сонау кездің бозбаласына ғана емес, бүгінгі күні де әр алуан кездесер масыл жастарға таптырмас теңеу.

Бұлар – күлкішілдік. Ал күлегештік бұлардан басқа. Абай жастарды осы күлегештіктен сақтандырады. Егер біреу ойламаған жерден күлкіге жеңдірер тапқырлық жасаса, сендегі күлкі сол тапқырлықтың құр жаңғырық көлеңкесі сияқты болмасын, күлдіре білген тапқырлығын бағалауың болсын дейді. Бұл күлкінің көзінде сыр, мағына жатады. «Әрбір адамның жақсылық тапқанына рақаттанып күлсең, оның жақсылықты жақсылығымен тапқандығын ғибрат етіп күл». Айталық, мектепке Аркадий Райкин не бір клоун келді делік. Сонда балалар бұл екеуі көрсеткен ғажайып әрекетке ғана күліп, соны жасаушы адамды ұмытып

кетсе, онда олар өнер иесін бағалауды білмегені, қызықтың құр қошеметшілері болғаны.

Міне, жастарды жақсы қылық-қасиеттерге баулып, жаман мінезден жирендіруде Абай афоризмдерінің қызметінде шек жоқ. Тек сол сөздерді орынды пайдаланып, мәнін аша, жеткізе білу керек. Әрине, «ұлы атамыз осылай дегенмен» тынатын болсақ, онда бұл тәрбие даналықтарының қадір-қасиетін кетіретін едік.

Абайдың осы афоризмдерін білім-тәрбие сағаттарында пайдаланған орайда ескерілуі қажет тағы бір жай бар: ол – ақын афоризмдеріндегі әртарап мағынаға байлылық. Айталық, «Ақыл өсуі – түпсіз терең жақсылықты сүймектікпен» – деген афоризм бар. Осы сөзді балаларға білімді насихаттаған тұста да, адамгершілік тәрбие берер кезде де қолдануға болады. Бұл үшін ұлы ақынның афоризмдерін махаббатыңмен беріле бойыңа сіңіруің, жадына ұстап, терең меңгеруің қажет. Міне, бұл – ең бірінші шартты нәрсе. Сонда бұл сөздер сіздің балаларға тәрбие-білім берер тұста құралыңыз ғана емес, өзіңіздің де рухани дүниенізді байытатын ақыл суатыңыз болмақ.

#### **Әдебиет**

1. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959.

## ТҮСІНІКТЕР

1. Тасмағамбетов И.Н. Абай – пікіріміздің пірі, рухымыздың туы. Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының Абайдың 150 жылдығына арнап өткізген мерекелік сессиясының ашылуындағы сөз. 1995 жыл 8 тамыз // Баспасөз бетінде жарияланған: Абай туралы сөз. – Алматы, 1996. – 25-29-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Сұлтанов Қ. Абай – адамзатқа ортақ тұлға. ЮНЕСКО-ның мәдениет саласындағы комиссиясы мәжілісінде 1993 жылғы 2 қарашада сөйлеген сөзі // Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 1993. – қараша; Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. – Астана: Елорда, 2005. – 6-11-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша күйіп жүрміз бе? // Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 2008. – 26 қараша; Жолдасбеков М. Жеті томдық шығармалар жинағы. 4-том. Асылдарым. Эсселер. Ойлар. Тебіреністер. – Астана: Күлтегін, 2012. – 55-74-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Абдрахманов С. Абайдың аударма лирикасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абдрахманов С. Төлума мен телума (зерттеу). – Астана: Елорда, 2007. – 171-202-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Нәрібаев К. Абай – тұтас бір әлем. Баспасөз бетінде жарияланған: Нәрібаев К. Тұлғаларға тағзым. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2012. – 50-52-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Жұмаділов Қ. Біз Абайды танып болдық па? Баспасөз бетінде жарияланған: Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 12-том. – 289-296-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ысқақбай М. Абай шеберлігі хақында. Баспасөз бетінде жарияланған: Ысқақбай М. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2007. – V том. – 285-307-беттер (мақаланың «Шеберлік асуында» деп аталатын екінші бөлімі берілді); Абай институтының вебсайты.
8. Жарықбаев Қ. Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ағартушысы. Баспасөз бетінде жарияланған: Жарықбаев Қ. Абай – қазақ халқының ұлы ағартушысы. – Абай институтының вебсайты.
9. Салғарин Қ. Абай танымнан – тағылым. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және қазіргі заман: зерттеулер жинағы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 99-111-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Ғаббасов С. Абайдың педагогикалық көзқарасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және ұлттық идея. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құрастырғандар: Т. Өлібек, А. Сейітова. – Алматы: М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2005. – 99-112-беттер; Абай институтының вебсайты.

11. Сыздықов К. Абайдың әсемдік танымы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және ұлттық идея. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құрастырғандар: Т. Өлібек, А. Сейітова. – Алматы: М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 2005. – 65-71-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Көбесов А. Өл-Фараби мен Абай. Баспасөз бетінде жарияланған: Көбесов А. Өл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбек. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 58 б.; Абай институтының вебсайты.
13. Нұрғали Р., Рсаев Т. Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі. Баспасөз бетінде жарияланған: Нұрғали Р. Сырлы сөз. Әдеби сын, зерттеу. – Алматы: Жазушы, 2000. – 340-360-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Сейдімбеков А. Абай және Ренессанс. Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 1995. – 29 наурыз; Абай институтының вебсайты.
15. Досжан Д. Ақылдың қыры. Баспасөз бетінде жарияланған: Досжан Дүкенбай. Шығармалары. IV томдық. – Астана: Фолиант, 2008. – 3-том. – 380-395-беттер; Абай институтының вебсайты.
16. Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану (мұғалімдерге көмекші құрал). – Алматы: Мектеп, 1968 (кітаптың осы тақырыппен аталған бөлімі берілді). Абай институтының вебсайты.
17. Әсемқұлов Т. Абайдың ұлы жұмбағы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай. – 2010. – № 1. – 30-37-беттер; Абай институтының вебсайты.
18. Атабаев Қ. «Қазақ» газеті – екінші Абай мектебі // Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №5. – 73-75-беттер; Абай институтының вебсайты.
19. Созақбаев С. Абай заң жүйесіне енгізген өзгерістер. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай. – 2005. – №1. – 42-47-беттер; Абай институтының вебсайты.

## МАЗМҰНЫ

|                                                                                 |     |
|---------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Тасмағамбетов И. Абай – пікіріміздің пірі,<br>рухымыздың туы.....               | 3   |
| Сұлтанов Қ. Абай – адамзатқа ортақ тұлға.....                                   | 9   |
| Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша күйіп жүрміз бе? .....                      | 14  |
| Абдрахманов С. Абайдың аударма лирикасы .....                                   | 36  |
| Нәрібаев К. Абай – тұтас бір әлем .....                                         | 64  |
| Жұмаділов Қ. Біз Абайды танып болдық па? .....                                  | 68  |
| Ысқақбай М. Абай шеберлігі хақында .....                                        | 75  |
| Жарықбаев Қ. Абай Құнанбаев – қазақ халқының<br>ұлы ағартушысы .....            | 100 |
| Салғарин Қ. Абай танымнан – тағылым .....                                       | 111 |
| Ғаббасов С. Абайдың педагогикалық көзқарасы .....                               | 121 |
| Сыздықов К. Абайдың әсемдік танымы .....                                        | 135 |
| Көбесов А. Әл-Фараби мен Абай .....                                             | 142 |
| Нұрғали Р., Рсаев Т. Абай пайдаланған<br>басқа тілдер сөздігі .....             | 179 |
| Сейдімбеков А. Абай және Ренессанс .....                                        | 218 |
| Досжан Д. Ақылдың қыры.....                                                     | 229 |
| Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін<br>оқу-тәрбие ісінде пайдалану туралы ..... | 246 |
| Әсемқұлов Т. Абайдың ұлы жұмбағы .....                                          | 268 |
| Атабаев Қ. «Қазақ» газеті – екінші Абай мектебі.....                            | 280 |
| Созақбаев С. Абай заң жүйесіне енгізген өзгерістер .....                        | 286 |
| Түсініктер .....                                                                | 296 |

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ**  
**ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР**  
**VI том**  
**Ойлар мен толғаныстар**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:  
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүрәділ

Редакторы *К. Мухадиева*  
Компьютерде беттеген *Ү. Әбдіқайымова*  
Мұқабасын безендірген *Қ. Өмірбекова*

**ИБ№9135**

Басуға 26.01.16 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 18,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1511.  
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.